




ҚАЛА МЕН САЛА

## ҚОЛЖЕТІМДІ БАСПАНА КӨБЕЙЕДІ

5-БЕТТЕ



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

## АЛТЫН ОРДА ҚАЙ ТІЛДЕ СӨЙЛЕГЕН?

8-9-БЕТТЕРДЕ



МӘСЕЛЕ

## ҚАЗАҚ ТІЛІ ҚАШАН ІТ ТІЛІНЕ АЙНАЛАДЫ?

10-БЕТТЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКААЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



# ASTANA



№68 (4037) | Бейсенбі | 11 маусым 2020 жыл

# AQSHAMY

## «КӘСІПКЕР АНА» КӨМЕК БЕРЕДІ

Елордалық көпбалалы аналар «Кәсіпкер ана» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздерін игеруде. Нұр-Сұлтан қаласында қолға алынған әлеуметтік жоба көпбалалы әйелдерге, жалғызбасты аналарға, табысы аз әйелдерге, сондай-ақ мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған аналарға жеке ісін бастауға көмектеседі.


Мұнда оқыту 11 негізгі бағытта өтеді. Атап айтқанда, массаж, СММ, копирайтинг, графикалық дизайн, суретке түсіру, маникюр, аспаз, кондитер аспаз, есепші, психолог, тігінші мамандықтарын меңгереді. Көпбалалы аналар аталған бағыттардың бірін тандап, тегін білім алады. Арнайы сертификатқа ие болады.

Елорда тұрғыны Ай-нұр Жазықбаева алты ай бұрын тапсырыспен торттар мен бәліштер пісірген. Кәсіппен айналысқысы келетін әйелдерге арналған тегін курстар туралы білген ол мүмкіндікті жіберіп алмауды жөн көріп, өзі дайындаған өнімдерді жарнамалау және наси-

хаттау үшін СММ тәсілдерін үйреніп алады. Ол қазір қосымша фотограф курсында оқып жүр.

Жақында елорда әкімдігінің қолдауымен осы жоба аясында «Алтын шаңырақ ұясы» атты тігін орталығы ашылды. Демеушілер арқылы қажет қондырғылар алынды. 100 шаршы метрді құрайтын ғимаратта алтын құрсақты аналар істерін бастады.

Жалпы, бүгінде жоба бойынша онлайн режимде оқуға 1200-ден астам өтінім келіп түскен. Іріктеу нәтижесінде 500-ге жуық әйел барлық критерийлерге сай келіп, қазір 200-ге жуық адам білімдерін жетілдіруде.



## ЖАҢА СЕРВИС ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

«Электрондық үкімет» порталында мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және арнайы білім беру ұйымдарына қабылдауға бұрын берілген өтінімнің мәртебесін тексеру бойынша жаңа сервис іске қосылды.

Қызметті тұтыну үшін eGov.kz порталына кіріп, тіркелу қажет. «Қызметтер» бөліміндегі тізімнен «Мектепке өтінім мәртебесін тексеру сервисі» дегенді таңдайсыз. Бұдан әрі өтінімнің бірегей кодын енгізіп, жеке кабинетте, «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде сіздің өтінімнің өңдеу туралы хабарламамен

танысуға болады.

Құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беру және оқу жылының басына орта білім беру (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) ұйымына қабылдау туралы бұйрық шығару немесе қабылдаудан бас тарту туралы дәлелді жауап қызмет көрсету нәтижесі болып табылады.



## АБАЙ ДАҢҒЫЛЫНДАҒЫ АҚЫН БЕЙНЕСІ

Елордада Абай атамның 175 жылдық мерейтойына орай тұғырлы тұлғаның есімін иеленген даңғыл бойындағы 50-інші көпқабатты тұрғын үйдің қабырғасында ұлы ақынның айшықты бейнесі салынды.

Бұл өнерді ғылыми тілде «мурал» деп атайды. Ағылшын тілінен аударғанда «қабырғадағы сурет» деген мағынаны білдіреді. Ақынның ойлы бейнесін бедерлеуге Байқоңыр ауданы әкімдігі қолдау көрсеткен.

Айта кетейік, бұған дейін де дәл осындай мурал Кеңес Одағының Батыры, халқымыздың ардақты перзенті Бауыржан Момышұлы мен елімізде ауыр індетпен күндіз-түні күресіп жатқан ақ халатты абзал жандарға арнап салынды.

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 449.09 \$ USD/KZT 398.59 ₸ RUB/KZT 5.79 ¥ CNY/KZT 56.24

www.astana-akshamy.kz



» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет басшысы Асқар Маминнің есебін тыңдады. Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, Президентке биылғы 5 айдағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы, COVID-19 індетінің таралуына қарсы күрес жұмыстары және санитарлық-эпидемиологиялық ахуалды жақсарту жөнінде есеп берілді.

## ӨСІМНІҢ ОҢ ҚАРҚЫНЫ БАЙҚАЛАДЫ

Мемлекет басшысына дағдарысқа қарсы шаралардың жүзеге асырылуы, 2020 жылдың соңына дейін экономикалық өсімді қалпына келтіру жөніндегі кешенді жоспардың орындалуы және 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарының әзірленуі барысы туралы баяндалды.

Асқар Мамин Қасым-Жомарт Тоқаевқа коронавирус пандемиясының салдарынан әлемдегі іскерлік белсенділіктің бірден төмендеуіне байланысты биылғы қаңтар мен мамыр аралығында ұлттық экономиканың өсу қарқыны, былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда 1,7 пайызға төмендегенін айтты. Үкімет басшысының мәліметі бойынша экономиканың бірқатар салаларында, атап айтқанда, тау-кен өндірісі, өңдеу, ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету салаларында, сондай-ақ негізгі капиталға инвестиция тарту бағытында өсімнің оң қарқыны байқалады.

Премьер-министр барлық сала бойынша көктемгі егіс жұмыстарының толық аяқталғаны туралы да мәлімет берді. Бұдан бөлек, Асқар Мамин Президентке халықты жұмыспен қамтамасыз етудің кешенді шаралары биыл еліміздің 1,22 миллион азаматын қамтитынын жеткізді. Президент еліміздің бірінші жартыжылдықтағы даму қорытындыларын талқылап, дағдарыс салдарын еңсеру міндетін қою үшін биылғы шілде айында Үкіметтің кеңейтілген отырысын өткізуді жоспарлап отыр. Кездесу қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев Асқар Маминге экологиялық туризмді дамыту жөнінде және басқа да бірқатар нақты тапсырма берді.

## БИЫЛ 12 МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

» Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов елордада құрылысы жүріп жатқан бірқатар білім беру нысандарына барып, олардың жай-күйімен танысты.

– Елорда халқының саны жыл санап өсуіне байланысты әлеуметтік нысандарға, оның ішінде жалпы орта білім беру орындары мен балабақшаларға жүктеме көбейіп отыр. Биыл 20 мың орындық 12 мектеп пайдалануға беріледі. Бұл былтырғымен салыстырғанда екі есе көп. Оларды алдымен қажеттілік туындап отырған жерге саламыз. Бұл қаладағы үш ауысымды және шамадан тыс жүктемесі бар бірқатар мектептердің мәселесін шешуге мүмкіндік береді, – деді ол.

Оның айтуынша, оқу орындарының құрылысына жеке инвесторлар тартылады. Инвестициялық кеңесте 24 білім беру нысанын салу қолдау тауып, оның алтауында құрылыс жұмыстары басталды.

– Бүгін бірқатар мектептердің құрылысын барып көрдім. Инвесторларға жағдай жасаймыз.



Олар үшін бұл тек әлеуметтік жауапкершілік қана емес, сонымен қатар нарықта жұмыс істеу мүмкіндігі. Қосымша жұмыс орындары пайда болады. Сондай-ақ

жұмысшылар құрылыс барысында санитарлық нормаларды сақтап, абаттандыру жұмыстарын уақытылы жүргізу қажет, – деді елорда басшысы.

» Шаһар басшысы Алтай Көлгінов ерекше қажеттілігі бар балалардың күтімімен айналысып отырған аналармен кездесті.

## АНАЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Кездесу барысында тұрғын үй, медициналық көмек және қосымша білім алу, жұмысқа орналасу, балаларды оңалту үшін жағдай жасау секілді мәселелер көтерілді. Бүгінгі таңда қала әкімдігінде аталған бағыттар бойынша жүйелі жұмыс қолға алынған.

Елорда басшысы кездесуге келген аналарға қалада балаларға арналған оңалту орталықтары желісін кеңейтіп, ипподром базасында иппотерапиямен айналысуға арналған жабық манеждің құрылысы басталғандығын жеткізді. «Сонымен бірге жаңа тұрғын үй кешендерінің бірінші қабатында балаларға арналған шағын орталық, балабақша секілді әлеуметтік нысандар ашылады. Инвентар саны екі есе артты. Сондай-ақ медициналық көмек алуға, жұмысқа орналасуға және қосымша білім алуға көмектесеміз» деді А.Көлгінов.

## ЖАРЫҚ ДИОДТЫ ШАМДАР ОРНАТЫЛАДЫ

» Сарыарқа ауданының 8 көшесіндегі ескі шамдар 2000 дана заманауи жарық диодты шамдарға ауыстырылды. Бұл туралы аудан әкімі Ерғали Егемберді Facebook желісінде жазды.

Шамдар мынадай мекенжайларда ауыстырылды: Жеңіс даңғылы бойына (Есіл өзені жағалауынан Біржан сал көшесіне дейін) – 390 дана. Біржан сал көшесіне (Есенберлин көшесінен Гете көшесіне дейін) – 41 дана. Бөгенбай батыр даңғылына (Уәлиханов көшесінен Мәскеу көшесіне дейін) – 283 дана. Сейфуллин көшесіне – 1,9 км (Республика даңғылынан Күмісбеков көшесіне дейін) – 101 дана. Республика даңғылына – 1,1 км (Бөгенбай батыр даңғылынан Гете көшесіне дейін) – 66 дана. Қосшығұллы көшесі – 1,1 км (Күмісбеков көшесінен Бейсекова көшесіне дейін) – 166 дана. Н.Тілендиев даңғылына – 7,3 км

(Мәскеу көшесінен айналма жолға дейін) – 930 км. Бигелдинов көшесінде – 0,5 км (Сарыарқа даңғылынан Бейбітшілік көшесіне дейін) – 23 дана.

Мамандардың пікірінше, энергия үнемдейтін шамдардың әртүрлі түрлерінің арасында ең тиімдісі жарық диодты шамдар болып табылады. Олар әдеттегі қыздыру шамдарына қарағанда 90 пайыз үнемді, құрамында уытты заттар жоқ, яғни арнайы кәдеге жаратуды қажет етпейді. Жұмыс істеген кезде жылу бөлмейді және қоршаған ортаға зиян тигізбейді. Жарық диодты шамдарға көшкен соң, электр энергиясын үнемдеу 65-70 пайызды құрайды.

## ІСКЕРЛІК АХУАЛ ҚАЛЫПТАСТЫ

» Елорда әкімі Алтай Көлгінов онлайн-форматта «Doing Business» рейтингісіндегі позиция мен іскерлік ахуалды жақсарту мәселелері бойынша кеңес өткізді. «Бірінші жартыжылдықта әкімдік ұсынатын мемлекеттік қызметтердің санын 86 пайызға дейін, жылдың соңына дейін 100 пайызға дейін арттыруды жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар, iQala қалалық қызмет көрсету орталығында кәсіпкерлерге «бір терезе» қағидаты бойынша көрсетілетін қызметтер санын ұлғайтамыз. Қазір онда 131 қызмет түрі көрсетіледі» деп жазды қала басшысы өзінің Instagram-дағы парақшасында.

Алтай Көлгінов қаланы (инженерлік желілерді, нысандарды) цифрландырудың арқасында инвестициялық карта қолжетімді болатынын атап айтты. Кәсіп-

керлер сол картадан қандай ауданда дәріханалар, дүкендер, нотариустар және т. б. ашу қажеттігін көре алады. «Қабылда- нып жатқан шаралар кәсіпкерлер

үшін қолайлы іскерлік ахуал жасауға және Дүниежүзілік банктің «Doing Business» рейтингісіндегі позицияны жақсартуға мүмкіндік береді» деді елорда әкімі.

Онлайн-кеңеске басқарма, Мемлекеттік кіріс департаменті, Әділет, «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ филиалдары, Кәсіпкерлер палатасы және қалалық коммуналдық қызметтердің басшылары қатысты. «Жауапты тұлғаларға дер уақытында шешім қабылдап, бизнесті жүргізуге кедергі келтіретін мәселелермен шұғылдануды тапсырдым. Іскерлік ахуалды жақсарту мәселесі Мемлекет басшысының бақылауында» деп жазды қала басшысы.

## » АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

### ■ НҰР-СҰЛТАН

Биылдан бастап еліміздегі жоғары оқу орындары мен колледждер түлектерге дипломды электронды форматта беретін болды. Бұл не үшін қажет? Жұмыс беруші мен азаматтарда дипломның жасанды емес екеніне, сапасына қатысты сұрақтар туындап тұратыны жасырын емес. Оны растау үшін көп уақыт қажет. Сондықтан диплом цифрландырылды.

### ■ АЛМАТЫ

Төтенше жағдайдың жариялануына байланысты табысынан айырылған 441 мыңнан астам алматылық 42500 теңге көлемінде мемлекеттік әлеуметтік көмек алды. Жалпы, 18,8 млрд теңге 441736 адамға берілген. Бірінші айда – 371933 адам, екінші айда 69803 адам алған. Сонымен қатар 15 мыңнан астам тұрғын алған қаржыны қайтарып берген.

### ■ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Аймақтағы Алакөлге туристер індетке тест тапсырмай-ақ бара алады. Бірақ демалыс орындарында санитарлық талаптар күшейеді. Енді Алакөлге келген туристер де, демалыс орындарындағы қызметкерлер де адам көп шоғырланған жерлерде медициналық маска тағып жүруге міндетті. Сондай-ақ әр өңірден келген туристерді бір бөлмеге жатқызуға тыйым салынады.

### ■ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Биыл өңірде «Дипломмен ауылға» жобасымен 40-қа жуық маман ауылға барады. Аталған жобамен ауылға баруға тілек білдірген 39 маманның өтініші мақұлданған. Ауылға жұмысқа орналасатын жас мамандардың басым бөлігі Индер ауданын тандаған.

### ■ АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Көкшетауда еріктілерге арналған семинар-тренинг өтіп, оған қатысушылар «Еріктілердің жауапкершілік шекарасы: өмірлік қажетті дағдысы. Алғашқы медициналық көмек көрсету» тақырыбымен өткен семинар барысында волонтерлік қызметтің бағыты мен ұстанымы, сондай-ақ «волонтерлік» терминнің «қайырымдылық» сөзінен айырмашылығы сияқты мәселелерге жауап іздеді.

## СҮБЕЛІ СӨЗ

Мағзұм МЫРЗАҒАЛИЕВ, Экология, геология және табиғи ресурстар министрі:

“”

Біз табиғаттағы демалыс туралы айтқанда ішіп-жеу, кәуап пісіру деген нәрселерден алыстауымыз керек. Одан да табиғатта жаяу серуендеу деген туризмнің түрін дамытайық. Мысалы, Қырғызстан мен Өзбекстан туризмнің арқасында жыл сайын 500 млн АҚШ долларына жуық табыс табады. Бұл ақша ұлттық парктарға ағылған туристердің қалтасынан шығарылатынын ұмытпайық.

(10.06.2020 ж. халыққа есеп беру кезінде айтқан сөзі)



## ҚАРИЯЛАР ОРТАЛЫҚТА БАС ҚОСАДЫ

» Жақында елорданың Есіл ауданында қариялардың бос уақытын өткізуге арналған «Замандастар» атты шағын орталық ашылды. Бұл – қаладағы он алтыншы орталық.

Ә.Бөкейханұлы көшесіндегі 8-үйде орналасқан «Нұр-Қанат» тұрғын үй кешенінде ашылған шағын орталық қажетті заманауи жиһаздармен қамтамасыз етілген. Мұнда зейнеткерлерді түрлі маман иелері жеке сұрақтары бойынша қабылдап, дөңгелек үстелдер мен семинарлар өткізеді. Орталықта қариялар бос уақытында үстел теннисі, шахмат пен дойбы ойнап, мерзімді баспасөздегі жаңалықтармен таныса алады.

Орталықтың салтанатты

ашылуына әкімдік өкілі Олжабек Бейсов, қалалық Ардагерлер кеңесінің өкілі Ерболат Дүйсенов, аудандық Ардагерлер кеңесінің өкілі Сатыбалды Жұмағатов, Есіл аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы Рысты Атығаева мен бастауыш ұйымның төрағасы Хамитбек Махмутов қатысты. Ашылу барысында аға ұрпақ өкілдеріне пайдалы сыйлықтар табыс етіліп, түрлі құттықтаулар жолданды.

Наима НУРАЛЫҚЫЗЫ



## ЖАҒАН ЖАҒАЛЫҚТАРЫ



## АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАПШЫЛЫҒЫ ТУЫНДАЙ МА?

Әлемде азық-түлік тапшылығы белең алуы мүмкін. Бұл туралы БҰҰ-ның бас хатшысы Антониу Гутерриш мәлімдеді. Оның айтуынша, бүгінде 820 млн адам аш құрсақ жүр. Енді коронавирус пандемиясы кесірінен бұл көрсеткіш еселене түсуі ықтимал.

Гутерриш әлем елдеріне ауылшаруашылық саласына ерекше мән беріп, азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесін қолға алуға шақырады. Сонымен қатар бұл салада жұмыс орындарын арттырып, астық саудасы тұралап қалмауы үшін жергілікті сауда орындарының жұмысын бір ізге келтіруге кеңес береді.



## ІНДЕТ ҚАЙТА ӨРШІП КЕЛЕДІ

Еуропада коронавирустың таралуы бәсеңдегенмен, әлемде індеттің жайылуы қайта күшейіп келеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы басшысы Тедрос Гебреисус осылай деп мәлімдеді.

Соңғы 10 күнде әлемде дертті жұқтырғандардың саны тәулігіне 100 мыңнан асқан. Індетті жұқтыру дерегінің көбі Америка, Оңтүстік Азия және Африкада тіркеліп отыр. Шығыс Еуропа мен Орталық Азияда да науқастардың қатары көбейе түскен. Соңғы дерек бойынша әлемде 7 миллион 206 мың адам індет жұқтырып, 411 мың адам көз жұмды. Ал Қазақстанда 13319 адам індет жұқтырып, 61 адам қайтыс болды.



## САЛҚЫНДАТҚЫШ БЕТТҰМША

Жапонияның бірнеше компаниясы жаз мезгілінде адамдар өздерін жайлы әрі қауіпсіз сезінуі үшін салқындатқыш әсері бар қорғаныш беттұмшаны сатуға шығарды.

Мамыр айының соңында Mizuno корпорациясы жеңіл атлетикаға арналған және шомылу киімін тігуге қолданылатын жұмсақ материалдан жасалған масканы сатуды бастады. 935 иен (8,5 АҚШ доллары) тұратын өнім үлкен сұранысқа ие болды. Өткен аптада осы елде Mitsubishi компаниясы вирус жұқтырған сырқаттар жағдайын алыстан бақылайтын кеудеше ойлап тапқан болатын.

Қалиакбар  
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Бетпесі суреттер галереядан алынды

## ЖАДЫРАМЫЗ – ЖҮЛДЕГЕР!

» Елордада «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының бастамасымен ұйымдастырылған қалагерлер арасындағы дәстүрлі «Ауылым – алтын тұғырым» әдеби-онлайн байқауының жеңімпаздарын марапаттау салтанаты және «Алтын тұғыр-2020» үш томдық әдеби жинақтың тұсаукесері өтті.

Бұл байқауда ауыл өмірін суреттеу, ауыл шаруашылығының жай-күйін насихаттау басты мақсат болған. Байқаудың нәтижесі бойынша «Астана ақшамы» газетінің шолушысы Жадыра Шамұратова «Проза» аталымы бойынша 2-орынды

жеңіп алды. Бүгінгі қазақ прозасында өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленіп, оқырмандардың ықыласына бөленіп жүрген әріптесімізді айтулы жүлдесімен құттықтаймыз!

Бас жүлдені белгілі жазушы Төкен Әлжантегі алды.



## СУБҰРҚАҚТАР ӘУЕНІ ЖАҒАРАДЫ

Жақында Есілдің сол жағалауындағы «Нұржол» желекжолындағы музыкалық субұрқақтың әуені жаңарады.

Атап айтқанда, 15 маусымға дейін «Нұржол» желекжолындағы субұрқақ жұмыс істемейді. Онда қазір су астындағы жарық түсіретін құралдар ауыстырылып

жатыр. Ескі шамдар жарық диодты жаңа шамдармен алмастырылады.

– Жұртшылықтың ұсынысы бойынша музыкалық субұрқақтағы әуендерді

жаңартамыз. Алайда мұнда өзіндік қиындықтар да бар. Бұл процесс көп еңбекті қажет етеді. Барлығы ретімен, үйлесіммен жұмыс істеуі үшін мамандарымыз

хореографияны қолмен бағдарламалайды. Жақында сәнді субұрқақтан «Көзімнің қарасы», «Дудар-ай» және Батырхан Шүкенов пен Димаш Құдайбергеновтің әндерін, классикалық композицияларды тыңдайтын боламыз, – деді Есіл ауданының әкімі Берік Жәкенов.



### ■ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Сыр бойындағы Қазалы ауданына қарасты Ү.Түктібаев ауылының тұрғыны Әйгерім Махамбетжанова Айғант, Айғаным және Асылым есімді үш қызды өмірге әкелді. Нәрестелердің салмағы 1300-1700 грамды құраған. Ал бойлары 38-41 сантиметр аралығында болды. Бұған дейін де Қуаныш Алтынбаев пен Әйгерім Махамбетжанованың бес перзенті бар болатын. Осылайша олар енді сегіз баланың ата-анасы атанды.

### ■ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

Қостанайда жыл соңына дейін барлық автобұсақ валидатор орнатылады. Валидаторлар енгізілгеннен бастап электронды билет бағасы қымбаттайды. Өйткені жаңа жүйені орнату көп шығынды қажет етеді. Жол құнын электронды түрде төлейтіндер үшін баға 80 теңге болса, қолма-қол төлем бағасы – 150 теңге. Тариф әлі де өзгеруі мүмкін.

### ■ ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

Өңір ғалымдары биылғы археологиялық қазба кезінде Ақтоғай ауданындағы Сілеті көлінің аумағын зерттемек. Басты мақсат – Алтын Орда кезеңіне жататын тарихи ескерткіштерді тауып, құпияларын ашу. Бұған дейін осы жерлерден мазарлардың орындары мен жәдігерлер табылған. Экспедиция жұмысы бір айға созылады. Осы уақыт аралығында қазба жұмыстарымен 20-дан астам археолог маман айналысады.



## ЕЛОРДАДА ГАЗ ТАРТЫЛЫП ЖАТЫР

### 1,2 МЫҢ НЫСАН МҮГЕДЕКТЕРҮШІН БЕЙІМДЕЛЕДІ

» Бүгінгі таңда елордада инфрақұрылым нысандарының 98,5 пайызы мүгедектігі бар адамдарға бейімделген. Тағы 1200 нысанды 2020 жылдың соңына дейін бейімдеп құжаттандыру жоспарланған. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары Илья Скуб мәлімдеді.



«Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспары аясында Нұр-Сұлтан қаласы бойынша білім беру, мәдениет, спорт, денсаулық сақтау, сондай-ақ шағын және орта бизнес нысандарын мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қолжетімділікке тексеру жұмыстары жүргізілуде. ҚР Тұңғыш Президентінің Жолдауын жүзеге асырудың жалпұлттық жоспарына және аумақтарды дамыту жоспарына сәйкес 2020 жылдың соңына дейін 1200 әлеуметтік және көліктік инфрақұрылым нысандарын құжаттандыру және бейімдеу жоспарланған» деді Илья Скуб елорда әкімдігінде өткен брифингте. Оның айтуынша, өткен кезеңде 1287 нысан құжаттандырылып бейімделген. 2012-2016 жылдар аралығында 401 нысан, 2017-2020 жылдары 886 нысан құжаттандырылған, 2020 жылдың соңына дейін жоспар 98,5 пайызды құрайды.

Мемлекеттік басқарудың 34 нысаны, 5 әлеуметтік қорғау, 36 денсаулық сақтау, 14 спорт, 20 мәдениет, 178 мектеп және мектепке дейінгі білім беру, 4 көлік инфрақұрылымы, 926 шағын және орта бизнес нысаны, сондай-ақ 70 тұрғын үй тиісті қалыпқа келтіріліп, талапқа сәйкестендіріледі. «Сонымен қатар, басқарма ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаментімен бірлесіп отырып, мүмкіндігі шектеулі адамдарға кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз ету мәселесі бойынша шағын және орта бизнес өкілдері арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуде» деп түйіндеді спикер.

#### Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Тұңғыш Президенттің «Бес әлеуметтік бастамасының» іске қосылуы ел тұрғындарын газбен қамту жұмысына тіпті қарқын берді. Әсіресе, осы бағдарлама аясында елордада газ тарту жұмысы сәтпен орындалып, газ өткен жылдың соңында бас қалаға жетті.

Елорданы газдандыру жұмысын екі бағытта жүзеге асыру жоспарланған еді. Бірінші бағыт бойынша қалалық өндіріс және тұрғын алаптарын газдандыру желісі салынса, екінші бағыт бойынша ЖЭО-1 және ЖЭО-2-ге газ беріледі. Жоспар бойынша елордаға 2020 жылдың тамыз айынан бастап газ беріліп, 2025 жылға дейін бас қала тұрғындарын толықтай газбен қамту көзделген болатын.

Бас қаланы газдандыру жұмысына Мемлекет басшысы да, қала әкімі де баса назар аударып отыр. Қала әкімі Алтай Көлгінов газдандыру жұмысының барлық барысын өзі қадағалап, қала тұрғындарының көгілдір отынның игілігін ертерек көруіне бар күшін салып жатыр.

Қаланы газдандыру үш кезеңнен тұрады. Қазіргі таңда бірінші кезең бойынша құбырларды тарту мен газреттегіш пункттердің жұмыстары жедел жүргізіліп жатыр. Жобаның алғашқы кезегінде ЖЭО-1, 2, 3, «Көктал-1, 2» тұрғын алаптары, «Агроқалашық», «Теміржолшылар» кенті, «Оңтүстік-Шығыс» (оң және сол жақ беті) шағын ауданына дейін газреттегіш желілерге газ беру жоспарланып отыр.

Келесі кезең бойынша «Мичурино», «Интернациональный», «Күйгенжар» (1-2 ПК), Тельман (3 ПК), «Пригородный» кенті, Garden Village және Family Village-ге (4 ПК) газ тартылады. Ал үшінші кезең бойынша «Ильинка» (1-2 ПК), «Шұбар» (3 ПК), «Өндіріс» (4 ПК) тұрғын алаптары газдандырылатын болады.

Қазір «Железнодорожный» елді мекенінде газ тарату желілерінің жұмысы толық аяқталуға жақын. Сонымен бірге бұл жұмыстар «Көктал-1», «Көктал-2» және «Агрогородок» елді мекендерінде жүргізіліп жатыр. «Қазіргі таңда «Железнодорожный»-де сынақ жұмыстары жүріп жатыр. «Көктал-1», «Көктал-2» және «Агрогородок» бойынша 200 шақырым құбыр желісін тарту керек болатын. Қазір мұның 70 шақырымнан астам желісі тартылып болды. Пан-

» 120 жылға жуық шежіресі бар мұнай саласымен салыстырғанда, газ саласының 60 жылдық қана тарихы бар екен. Ал еліміз тәуелсіздік алғанда бізге 20-30 жыл қолданылған құбырлар желісі мұраға қалды. Сондықтан да Қазақстан біраз уақыт тек көгілдір отынды тасымалдайтын «көпір» ретінде қызмет атқарса, арада жиырма жыл өткеннен кейін елімізде бұл жағдай түбегейлі өзгеріп, еліміз көрші елдерге газ жеткізумен қатар, жалпақ Қазақстанда газдандыру жұмысы қарқынды жүріп жатыр. Атап айтқанда, қазақстандық газ тасымалы жүйесі отандық тұтынушыларды газбен қамтамасыз ете отырып, өзінің тікелей мақсаты бойынша қызмет ете бастады. Бүгінде маздаған газдың игілігін ел ішінде 8 миллионнан аса адам көріп отыр.



**«Сарыарқа» газ құбыры Арқа төсіне 2 миллиард текше метрден астам газ жеткізіп, орталық және солтүстіктегі 171 елді мекенді көгілдір отынмен қамтамасыз етеді. Ал елорданың өзінде 23 мың жер үй мен 200-ге жуық жеке және 48 шағын коммуналдық қазандық түгел газға ауыстырылады. Соның арқасында бас қаланың ауасын ластайтын зиянды қалдықтар жылына 6 есеге немесе 40 мың тоннаға азаяды деп күтілуде**

демия кезінде де құрылыс нысандары тоқтаған жоқ. Жұмысшылар санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып жұмыс істеді. Жалпы, біз бекітілген жоспардан алда келе жатырмыз. Қазірдің өзінде 600 отбасының есік алдына газ келді. Енді оны үйіне енгізіп, пайдалану тұрғындардың өзіне байланысты» деді отын-энергетика ресурстар бөлімінің басшысы Мақсат Есмағұлов.

Жақында елорда әкімі Алтай Көлгінов ЖЭО-1/ЖЭО-2 газға көшіру және өнеркәсіптік сектор мен елді мекендерді газдандыру үшін газ тарату желілерін салу жұмыстарының барысымен танысты. «Елорданы газдандыру – Елбасының тарихи жобасы. «Железнодорожный» елді мекенін газбен жабдықтаудың 96 пайыз тарату желілері салынды. Қазіргі таңда газ тарату желілері «Көктал-1», «Көктал-2», «Железнодорожный», «Агрогородок» елді мекендерінде орналасқан үйлердің бір бөлігіне өткізілді. Газ тарату желілерін салу жұмыстары «Промышленный»,

«Оңтүстік-Шығыс» (оң және сол жағы) елді мекендерінде жүргізіліп жатыр. «Көктал-1» және «Железнодорожный» елді мекендерінде орналасқан әлеуметтік нысандарды газға биыл жазда қосамыз» деді қала әкімі Алтай Көлгінов. Сонымен қатар әкім елді мекендерге газ жеткізу қаланың экологиясына жақсы әсер етіп қана қоймай, жеке сектор тұрғындарының өмірін едәуір жеңілдететінін де атап өтті.

«Сарыарқа» газ құбыры Арқа төсіне 2 миллиард текше метрден астам газ жеткізіп, орталық және солтүстіктегі 171 елді мекенді көгілдір отынмен қамтамасыз етеді. Ал елорданың өзінде 23 мың жер үй мен 200-ге жуық жеке және 48 шағын коммуналдық қазандық түгел газға ауыстырылады. Соның арқасында бас қаланың ауасын ластайтын зиянды қалдықтар жылына 6 есеге немесе 40 мың тоннаға азаяды деп күтілуде. Оның нәтижесінде ауаның ластану индексі 25 пайызға төмендейді.



# ҚОЛЖЕТІМДІ БАСПАНА КӨЛЕМІ ҮШ ЕСЕГЕ АРТАДЫ

» Бас қаладағы ең өзекті мәселелердің бірі – тұрғындарды баспанамен қамту. Елорда әкімдігі бұл проблеманы шешу үшін біршама істерді қолға алды. Атап айтқанда, биыл халыққа берілетін қолжетімді баспана көлемі үш есеге артады. Осы туралы және шаһардағы құрылыс мәселелері жайлы «Astana» телеарнасы мен «Elorda Aqparat» ЖШС-тің бірлескен жобасы – «Elorda Live» бағдарламасы барысында Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Нұрлан Нұркенов әңгімелеп берді.

## БИЫЛ 8 МЫҢ ПӘТЕР БЕРІЛЕДІ

– Нұрлан Жаңбыршыұлы, тұрғындарды баспанамен қамту бағытында елордада қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр?

– Баспана алу бойынша әкімдікке көп өтініштер түседі. Бұл – астана-лықтарды толғандыратын ең өзекті мәселе. Қазіргі таңда елордада тұрғын үй кезегінде әлеуметтік әлжуаз топтары санатына жататын тұрғын үй кезегінде әлеуметтік әлжуаз топтары санатына жататын 47 мыңнан аса адам тұр. Ал бұл мәселені қолданыстағы бағдарламалар аясында жедел және сапалы шешу үшін әкімдік не істеп жатыр? Цифрларға тоқталайын: өткен жылы қолжетімді баспана болып саналатын 2900 пәтер берілді. Баспана алғандардың қатарында әлеуметтік әлжуаз санатындағылар да бар. Биыл 8 мыңдай пәтерді пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Яғни былтырғы көлемді үш есеге көбейтеміз. Бұл – несиелік, жалға берілетін баспана. Оның айтарлықтай бөлігі пәтер кезегінде тұрған қала тұрғындарына беріледі. Келесі жылғы жоспарлар туралы айтсақ, 10 мыңнан кем емес пәтер пайдалануға береміз деп отырмыз.

– Бұл көрсеткіш ненің есебінен ұлғайып жатыр?

– Бұл мемлекеттік қолдаумен байланысты. Сіздер білетіндеріңіздей, елімізде 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр. Пандемия кесірінен мемлекеттегі күрделі жағдайға қарамастан, Үкіметтен зор қолдау алдық. Бұл салынып жатқан қолжетімді баспана көлемін едәуір көбейтуімізге мүмкіндік беріп отыр. Соған сәйкес 2020-2021 жылдары қолжетімді баспананың 18 мың

пәтері салынады. Бұл жағдай кезектілікті айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді.

## «7-20-25» БАҒДАРЛАМАСЫ: НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ КӨШ БАСЫНДА

– Тұрғындар сұранысқа ие қандай бағдарламалар арқылы баспана ала алады?

– Бұл – елге белгілі «7-20-25» бағдарламасы. Осы бағдарлама арқылы қарызды рәсімдеу көрсеткіші бойынша Нұр-Сұлтан қаласы көш басында. Сондай-ақ қазір Үкімет жаңа «5-10-20» бағдарламасын іске қосу туралы шешімге келді. Оның ерекшеліктері: қарыз 5 пайыз жылдық мөлшерлеменен беріледі, алғашқы жарна – 10 пайыз, несиелеу мерзімі – 20 жыл. Үніліп қарағанда, әр азаматымыз,



табысы ең төмен деңгейде болса да, бағдарламаға қатысып, баспаналы бола алады.

Қала тұрғындарына мына мәселені жеткізгім келеді: бізде әлеуметтік әлжуаз санатындағы адамдармен жұмыс бойынша жақсы тәжірибе бар. Біріншіден, «Жанұя» отбасын қолдау институтын аштық. Мұнда әртүрлі қызметтерді кеңінен алуға болады: бұл – АӘК алу, балалар денсаулығы мәселелері бойынша, білім мәселелері жөніндегі кеңестер. Осы жылдың соңына дейін осыған ұқсас тұрғын үй орталығын ашуды жоспарлап отырмыз. Кез келген адам осы орталыққа келіп, мемлекеттік тұрғын үй қорынан немесе мемлекеттік қолдаудың бағдарламалары арқылы қалай баспана алуға болатынын біле алады.

Ал аз қамтылған отбасылар мен жұмыс істейтін жастарға былтырдан бері бес жыл мерзіміне жалдамалы баспаналар беріліп жатыр. Түсіндіріп өтейін: оқуды бітіріп, жұмысты бастаған жастарға мемлекет бес жыл мерзіміне пәтер бөледі. Олар алғашқы жарнаға жететін қаржыны жинау үшін пәтерді жалға алу ақысы ең төменгі шекте – 5 мың теңгеден бастап 8 мың теңге аралығында болып белгіленді. Осыдан кейін олар «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне» барып, бағдарламалардың бірі арқылы ипотекалық қарыз рәсімдейді. Баспанаға ие болған соң, жалға алған пәтерді босатады. Оған басқа жастар қоныстанады. Аз қамтылған отбасылар мен жұмыс істейтін жастарға өткен жылы 1500-ден астам пәтер, биыл 1000 пәтер бердік.

## 219 ОТБАСЫ ЖАҢА ПӘТЕРЛЕРГЕ КІРЕДІ

– Ескі үйлер мәселесі қалай шешіліп жатыр?

– Қалада сондай 100-ден астам үй бар. Бізде «Елорда даму» еншілес компаниясы жүзеге асырып жатқан қанатқақты жоба бар. Баспана салынғанда, жаңадан бой көтерген үйлердегі пәтерлердің бір бөлігі кестеге сәйкес ескі және апатты үйлердің тұрғындарына беріледі. Осы жылы осындай үйлерде қазір тұрып жатқан 219 отбасының мәселесін шешуді жоспарлап отырмыз. Жоспарлар 2023 жылға дейін әзірленді. Осы қанатқақты жобаны іске асыруды жалғастырамыз. Ескі және апатты үйлердің мәселесін 2023 жылды қосқанда осы мерзім ішінде шешеміз бе деп отырмыз.

Белгілі бір мұқтаж адамға нақты не істеу керектігі туралы айтсам,

алдымен әкімдікке өтініш беру керек. Қажет болған жағдайда, үйді техникалық тексеру тағайындалады. Егер үй апатты болып танылса, яғни 60 пайызға және одан жоғары деңгейде тозған болса, сұру туралы шешім қабылданып, оның орнына баспана беріледі.

– Өз күшімен үйлерін сүріп, орнына жаңа баспана тұрғызып алмайтын жеке ескі үйлердің тұрғындарына не істеу керек?

– Егер осындай үй иесінің көңіліне баспанасы апатты және онда тұрып жатқан адамдар өміріне қауіп тудырып отырғаны туралы күдік-күмән ұяласа, оған әкімдікке келу керек. Біз тиісті құзырлы қызметтер өкілдерімен бірге техникалық тексеруді ұйымдастырып, ескі-апатты үйлерді сұру бағдарламасы аясында оны сұру және жаңа баспана беру кестесіне қосамыз. Егер апатты ретінде үйді сұру мәселесі болмаса, онда оны Құрылыс басқармасына шақырып, бағдарламаларымыздың бірін қолдануға ұсынамыз. Мамандарымыз оған тиісті бағдарламалар аясында жаңа баспананы рәсімдеу мүмкіндіктерін, соның ішінде ипотекалық қарыз жайын жан-жақты түсіндіреді.

## ИНВЕТОРЛАРҒА «ҚОШ КЕЛДІҢІЗДЕР» ДЕЙМІЗ

– Келесі сауал инвесторларды қызықтырар. Инвесторларды тартуға қажеттіліктеріңіз бар ма?

– Әрине, бар. Мемлекет басшысы инвестицияларды тартуға тапсырма берді. Біз мұны бірінші кезекте шешілетін мәселе ретінде қарастырып отырмыз. Жергілікті немесе республикалық бюджет мүмкіндіктеріне үнемі сене алмаймыз. Сондықтан инвесторлармен байланыс орнатуға тырысамыз. Қала әкімдігі жанында Astana Invest кәсіпорны қызмет істеп жатыр. Бұл кәсіпорын ұсыныс беру, жобаны таныстыру кезінде «бір терезе» қағидаты негізінде инвестор болуы ықтимал компаниялармен жұмыс істейді. Біз әр инвесторды қолдан жетектегендей әр инстанцияны аралатып, ол өзінің жобасына неғұрлым көп қаржы салу үшін жағдайлар жасаймыз. Әр апта сайын қала әкімінің төрағалығымен инвестициялық кеңес өтіп, онда ондаған жоба қаралады. Мәселен, өткен бір-екі күнде қала әкімі кеңес өткізіп, 40 шақты ұсыныс қаралды, тиісті шешімдер қабылданды.

Бұған қоса, инвестицияларды тартумен айналысатын «Astana» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясымен бірге жұмыс істеп жатырмыз. Бұл жұмыс әртүрлі салада жүріп жатыр. Бірақ негізінен бизнес, сауда орталықтары, өңдеу кәсіпорындары, ірі көпқабатты құрылыс салаларында жүргізіледі. Әр инвесторға «қош келдіңіздер» деп айтамыз, әрқайсысымен жұмыс істеуге дайынбыз.

Дайындаған  
Аманғали ҚАЛЖАНОВ

**ҚАЗІР ҚАЛАДА 3,5 МЛН ШАРШЫ МЕТРДЕН АСТАМ ҚОЛЖЕТІМДІ БАСПАНА САЛЫНЫП ЖАТЫР. ОНЫҢ 2 МЛН АСА ШАРШЫ МЕТРІ БИЫЛ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ. МЕМЛЕКЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЕСЕБІНЕН 500 МЫҢ ШАРШЫ МЕТРДЕН АСА БАСПАНА ТҮРГІЗІЛАДЫ. БҮЛ 8 МЫҢ ПӘТЕР. 1170 ПӘТЕРЛІК 2 ТҮРҒЫН ҮЙ КЕШЕНІ ОСЫ ЖАЗДА ТАПСЫРЫЛАДЫ. КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ 10 МЫҢ ПӘТЕР САЛЫНАДЫ. БҮЛ БАРЛЫҒЫ 14 НЫСАН. ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ТИІСТІ ЖОБАЛАУ-СМЕТАЛЫҚ ҚҰЖАТ ДАЙЫН.**

## «ЖОЛ КАРТАСЫ» АРҚЫЛЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛАДЫ

» Елордада «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында 15 мыңнан аса жұмыс орнын құру жоспарланып отыр. Соның ішінде тұрғындар 117 инфрақұрылымдық жобаға немесе 400-ден астам құрылыс және жөндеу нысандарына тартылады. Қазірге дейін 77 жоба бойынша келісімшарт жасалды. 30 жобаға қатысты конкурстық шаралар аяқталуға жақын. Жұмысқа тұрғызу қаланың Жұмыспен қамту орталығы арқылы жүргізіледі.

Аталмыш бағдарлама шеңберінде 150 орынға арналған бейімдеу орталығы мен 1200 және 600 орындық екі мектептің құрылысына 1200-ден астам жұмыс орны құрылады.

Ұзындығы 90 шақырымнан асатын инженерлік инфрақұрылымды салуға 2,5 мыңнан аса адам тартылады. Сондай-ақ ЖЭО-1 мен ЖЭО-2 газға көшіру аясында 700-ден астам жұмыс орнын құру жоспарланып отыр.

Әлеуметтік саланың 19 нысанында күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 1,5 мыңнан аса жұмыс орны құрылады. Ал жолкөлік инфрақұрылымын жақсарту мақсатында қолға алынған 150 көшеде 100 шақырым жолды жөндеуге 4 мыңнан аса адам тартылады.





## ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫ КЕЗІНДЕ БЮДЖЕТТІҢ КІРІСІ АЗАЙДЫ

» Ағымдағы жылы, алдын ала есепке сүйенсек, жергілікті бюджет карантиннің кесірінен 59-60 млрд теңге кірістен айырылғалы тұр. Қаланың бас экономистеріне кейбір жоспарланған бағдарламаларды жүзеге асыру үшін бюджет шығындарын қайта қарауға тура келді. Бұл сома 2020-2022 жылдарға арналған жергілікті бюджетті нақтылау кезінде қалалық мәслихат депутаттарымен келісілді.

### Дәулет АСАУОВ

Жалпы айтқанда, қалалық бюджеттің 37,4 млрд теңге шығындары оңтайландырылды, оның ішінде өткен нақтылау кезінде 32,5 млрд теңге азайтылған еді. Бас қаржы құжатын кезекті нақтылау кезінде Экономика және бюджетті жоспарлау басқармасы тағы 5 млрд теңгені оңтайландыруды ұсынған болатын. Оған мәдени-бұқаралық және имиджді шараларды, күрделі шығындарды қысқарту және қалалық құрылымдардың қаражаттарын іштен өзара қайта бөлу, сондай-ақ Қаланы дамыту бағдарламасының басымдылықты емес жобаларына деп бөлінген шығындарды қайта қарау арқылы қол жеткізілді.

– Ағымдағы жылы, алдын ала есепке сүйенсек, жергілікті бюджетке карантиннің кесірінен 59-60 млрд теңге кіріс кем түседі. Сонымен қатар бюджетте ШОБ үшін 31 млрд теңгеден астам жеңілдік қарастырылған, – деді Экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы Қайсар Манқараев. – Бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз ету үшін біз бұған дейін шығындарды оңтайландыру арқылы салық түсімдері бойынша жоспарды 19 млрд теңгеге қысқарттық, қазір ком-

пенсациялық трансфертер есебінен тағы 28 млрд теңге үнемдедік. Тұтастай алғанда, жиналатын салық сомасын ескере отырып, ішкі табыс бойынша жоспар 26 млрд теңгеге кемітілетін болады.

Енгізілген өзгертулерді ескере отырып, 2020 жылға арналған нақтыланған бюджеттің жалпы көлемі 636,8 млрд теңгені құрады, оның ішінде өз табысы бойынша – 288,7 млрд теңге, республикалық бюджет трансферті бойынша – 248,1 млрд теңге, заңнамалар бойынша – 95,1 млрд теңге, сондай-ақ еркін қалдықтар – 4,8 млрд теңге. Шығындар статясы туралы айтсақ, ұсынылған нақтыланған бюджет жобасы келесідей:

**ЕҢБЕКПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ БАСҚАРМАСЫ** жергілікті өкілетті органның шешімі бойынша азаматтардың кейбір санаттарына әлеуметтік көмек көрсетуге бағытталатын қосымша 337,8 млрд теңге қарастырған. Бұл жерде әңгіме әлеуметтік маңызды ВИЧ және онкология аурулары үшін әлеуметтік төлемдер көлемін 5-тен 25 АЕК-ке дейін көтеру туралы болып отыр. Сондай-ақ бұл қаржы мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамту үшін, қозғалысы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшілердің қыз-

меті үшін және мүгедектерді оңалту бағдарламасына сәйкес құлағы естімейтін мүгедектерге жест тілінің мамандары үшін қарастырылған. Мұнда, сондай-ақ, Еңбекпен қамту орталығының қызметі де, ведомствоға қарасты әлеуметтік мекемелерді күрделі жөн-деуден өткізу кіреді. Сонымен қатар басқарма шығындарын 100 млн теңгеге қысқартты.

**БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫНА** қосымша 2,8 млрд теңге қарастырылған, оның ішінде жалпы білім беру бағдарламасы бойынша, сондай-ақ арнайы білім беру бағдарламасы бойынша, балаларға қосымша білім беруге, халыққа психологиялық, медициналық, педагогикалық кеңес беру бойынша балалар мен жасөспірімдердің психикалық саулығын тексеруге, даму кінараты бар балалар мен жасөспірімдерді сауықтыру және әлеуметтік бейімдеуге, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жетімдер мен балаларды әлеуметтік қамсыздандыруға, техникалық және кәсіби білім беретін ұйымдарда мамандарды даярлауға, мектепке дейін білім беретін ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысын жүзеге асыруға. Жекеменшік балабақшаларға мемлекеттік тапсырысты енгізу үшін

қосымша 449,5 млн теңгеге 3 мыңға дейін орын, сондай-ақ №8 балабақшада шағын орталық ашу үшін қосымша 45 млн теңге қарастырылған. Жоғары білімді маман даярлау және оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету үшін – 67 млн теңге. Үнемдеу арқылы шығындар 209,8 млн теңгеге азайтылды. Сонымен қатар 326 млн теңге сомасына ішкі қайта бөлу қарастырылды.

**ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНА** қосымша 100 млн теңге қарастырылған, оның ішінде медициналық мекемелердің күрделі шығындары – емханаларда электронды кезек жүйесін құру, сондай-ақ денсаулық сақтаудың жаңадан пайдалануға берілген нысандарын күтімде ұстауға. Бюджет бағдарламасы әкімшісінің деректері бойынша шығындар 100 млн теңгеге азайтылған, сондай-ақ 5 млн теңге іштей қайта бөлінді.

**ІШКІ САЯСАТ БАСҚАРМАСЫ** мамыр мерекелерін өткізбеуге байланысты шығындарды 307,7 млн теңгеге азайтты. Сондай-ақ басқа басқармалар да шығындарын азайтты. Мысалға, Жастар саясаты мәселелері бойынша басқарманың шығыны 80 млн теңгеге азайды. Тілдерді дамыту және мұрағат ісі басқармасының шығындары 82 млн теңгеге азайды.

## СИМПТОМСЫЗ НАУҚАСТАРДЫҢ ЕСЕБІ МЕН ЕМІ БӨЛЕК

» ҚР бас санитарының 1 маусымдағы қаулысына сәйкес коронавирус инфекциясы бойында бар, бірақ әлі белгі бермеген науқастардың есебі мен емі бөлек жүргізілетін болды. Бұл қаулы 3 маусымнан бастап күшіне енді. «Ол не үшін?» деген сұраққа Нұр-Сұлтан қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәуле Қисықова «клиникалық белгілері бар науқастарға көбірек көңіл бөлу үшін» деп жауап берді.

### Райхан РАХМЕТОВА

Басқарма басшысының айтуынша, дертті жұқтырып, жағдайы нашарлап келген науқастардың емдеу диагностикалық үдерісін дұрыс форматта ұйымдастырып, инфекцияны одан әрі асқындырып алмау, қажетті медициналық көмекті толыққанды беру үшін осындай шешім шығарылған.

– Симптомы жоқ науқастар да назардан тыс қалмайды. Оларды қалалық емханаларға бөлеміз. Бүгінде барлық емханаларда провизорлық бөлімшелер жұмыс

белгісі жоқ адамдар. Қазір Нұр-Сұлтан қаласында COVID-19 дертіне қарсы күніне 5 мыңға жуық тест зерттеу жүргізілуде. Ауру жұқтырушылар санының артуы да осы анықтау мүмкіндігінің, яғни зертханалардың көбеюімен байланысты болып отыр. Эпидемия басталғалы елордада 2520 адам ауру жұқтырды. 1621 адам немесе 64 пайыз науқас емделіп шықты. Тағы бір қуанышты хабар – дерт жұқтырған жүкті әйелдерден 11 сау бала дүниеге келді.

Сәуле Қисықова карантиндік шаралардың күшей-



істеп тұр. Үй карантинінде болатын науқастарды емхана қызметкерлері үнемі қадағалап отырады. Күн сайын телефон соғып, керекті тағайындауларын береді. Әсіресе, сатурациясын өлшеп, қандағы оттегінің жеткіліктігі бойынша көрсеткіштерді бақылайды. Ал симптомсыз науқастарда аяқасты клиникалық белгілер байқалса, оларды одан әрі толығырақ тексеру үшін қалалық екі инфекциялық стационарда рентгеннен өткізетін кабинеттер, компьютерлік томограф ашылған, – деді республикалық телеарнаға берген сұхбатында С.Қисықова.

9 маусымдағы соңғы тәулікте елордада жаңадан 42 адамның инфекция жұқтырғаны тіркелсе, одан бөлек 250 адам симптомсыз науқас болып зертханаларда анықталған. Жалпы, коронавирусқа қарсы тест оң нәтиже берген елордалық барлық науқастардың 70 пайызы – ешқандай ауру

тілуі немесе осы күйінде қалуы, әлде жұмсартылуы елдегі, қаладағы эпидемиологиялық ахуалға байланысты болатынын жеткізді. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі жұмысы карантиннен кейін қайта жаңадан барлық нысандарға күн сайын мониторинг жүргізіп отыр. Өнеркәсіп орындары мен коммерциялық және әлеуметтік нысандардағы санитарлық нормалардың сақталуы Тауарлар мен қызметтер сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті департаментінің бақылауында. Кәсіпкерлік субъектілерінің басшыларына түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Санитарлық талаптарды бұзғандар әкімшілік жауапкершілікке тартылып, оларға айыппұл салынады, қажет болса, қызметтері тоқтатылады. Сондықтан басқарма басшысы елорда тұрғындарын карантиндік шараларды, санитарлық нормаларды қатаң сақтауға шақырды.



## ЕЛІМІЗДЕ ЕҢ ҮЗДІК

» Биылғы оқу жылы астаналық оқушылар үшін жемісті болды. Білім бәйгесінде ой жарыстырған өрендер ғылым көкжиегінде көк туымызды желбіретті. Өткен оқу жылында 88300-ден аса оқушы 123 олимпиада мен жарысқа қатысқан.

13 жыл бойы республикалық олимпиадалардың нәтижелері бойынша елордалық білімділер командасы бірінші орынды иеленіп келсе, осы жылы да «Үздік команда» атағына ие болды. «Білімді мыңды жығады» деген мақалдың растығына тағы бір мәрте көз жеткіздік. Оқушылардың әр пән бойынша ғылыми және халықаралық академиялық жарыстарда да бәсекелестерінен бәсі биік болды. Мұның жарқын дәлелі – 2019-2020 оқу жылында астаналық 157 оқушы Бразилия, Кипр, Румыния, Венгрия, Әзербайжан, Ресей, Қытай, Оңтүстік Корея, Катар, Ресейде өткен халықаралық рейтингтік олимпиадалар мен ғылыми жарыстарға қатысты. Ілім-ғылымды мектеп жасынан игерген жастар үшін бұл додалар да нәтижесіз болған жоқ. Қатысушылар 72 медальдің иегері атанды. Яғни

15 оқушы алтын медальға ие болса, 23-і – күміс, 34 дарынды қоладан алқа тақты. Білімі, зейіні мен зердесіне сенген оқушылардың бірі – Данат Дүйсенбеков. Данат – дарынды жастарға арналған «Білім-инновация» лицейінің 11-сынып оқушысы. Айта кету керек, биылғы оқу жылындағы білімділер қатарында ғана емес, көш алдындағы ең танымал жас. Соңғы үш жылда математика пәні бойынша өткізілген халықаралық интеллектуалдық олимпиадалардың жеңімпазы. Былтыр өткен халықаралық математикалық олимпиадасының күміс жүлдегері болса, биыл қашықтан өткізілген Азия және Тынық мұхиты халықаралық математикалық олимпиадасында алтын медальді олжалады. Биыл алтын ұя мектебімен қоштасқан Данат болашақ мамандығы математикамен бай-

ланысты болатынына сенімді. Білім-ғылымның шыңын тек ұлдар ғана емес, елорда арулары да бағындырды. «Nurorda» мектеп-лицейінің 11-сынып оқушысы Бибігүл Конкаева – «Олимпиадада жаңа есім» аталымының иегері. Ол 2018 жылғы Эдуард Шим сыйлығына ие болған. Көптеген республикалық және халықаралық олимпиадалардың жеңімпазы. Биыл өткен Жәуітқов атындағы халықаралық олимпиадада алтыннан алқа тақты. Сондай-ақ нұр-сұлтандық түлектер – бүгінде Австрия, АҚШ сияқты өркеніетті елдердің үздік оңдықтағы жоғары оқу орындарының студенттері. Қазақ жастары ән мен биден ғана бәсекеге түспей, білім көшінің басында оқ бойы озық жүргені, әрине, қуантады. Өйткені бәсекенің бастысы – білім бәсекесі екенін түсінетін

кез жетті. Елдің ертеңі білімді, ойлы жаспен өлшенеді десек, онда білімділер көші дұрыс болу үшін, қазық мықты, қолдау жүйелі болу керек. Себебі орта мектеп – білім жүйесінің ең басты буыны. Бұл бағытта көз қуанып, көңіл толатын істер де аз емес. Биыл елорда әкімі Алтай Көлгіновтің тапсырмасымен №82 «Дарын» мамандандырылған лицейінде STEM-зертханасы мен робототехника кабинеті ашылды. Оның көмегімен оқушылар сабақта 3D-нысандар жасайды. Роботтарды ғылыми-техникалық білім алуға қолданады. Кабинеттерде станоктар, 3D-принтер орнатылған. Онымен қоса, қалалық мектептердің кабинеттері интерактивті тақталармен жабдықталған.

Бетті дайындаған Гүлжан АБАЙҚЫЗЫ



Биыл 1-сыныпқа балаларын дайындауда ата-аналар шешімін таппай жүрген мәселелер аз емес. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қалалық Білім басқармасының баспасөз хатшысы Алтынай ЗАРЛЫҚҚЫЗЫНА бірнеше сауал жолдадық.

- Егер үйде компьютер не ғаламтор болмаған жағдайда, ата-аналар не істеу керек?
- Әр орта мектепте 1-сыныпқа балаларды қабылдау үшін комиссия құрылады. Егер компьютер жұмыс істемей немесе интернет жоқ болса, бағдарлама қатып қалатындай техникалық проблемалар туындаса, мектеп әкімшілігі құжаттарды қағаз жүзінде қабылдауға міндетті.
- Мамандандырылған мектептерге құжат қалай қабылданады?
- Нұр-Сұлтан қаласындағы №81 «Астана ағылшын мектебі», №82 «Дарын» мамандандырылған мектептері балаларды 1-сыныптан бастап қабылдайды. Құжаттарды электронды форматта 2020 жылдың 15 мамыры мен 17 маусымы аралығында қабылдайды. Бұл оқу орындарына балаларды қабылдау үшін тестілеу 2020 жылдың 18 маусымында басталады.

### АТА-АНАЛАРДЫ АЛАҢДАТҚАН САУАЛДАР

- 1 сыныпқа бару үшін медициналық тексерістен жеке клиникалардан өтуге бола ма?
- Медициналық тексеруден тұрғылықты жерінде тіркелген емханадан және ата-аналардың өтініші бойынша жеке клиникадан да өтуге болады.
- Егер баламыз 1-сыныпқа дейін ешқандай орталықта қосымша дайындықтан өтпесе, қабылдана ма?
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген үлгілік қабылдау ережелеріне сәйкес, баланы 1-сыныпқа қабылдау кезінде дайындық курстарынан өту талап етілмейді. Сондай-ақ балалар даму орталықтарына, шағын орталықтарға немесе басқа мекемелерге бармай-ақ 1-сыныпқа қабылданады.

## ҰБТ: ТІКЕЛЕЙ КӨРСЕТІЛІМ

» Нұр-Сұлтанда ҰБТ маусымның 20-сы мен шілденің 5-і аралығында үш ЖОО-да өтеді: Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті.

Ұлттық бірыңғай тестілеу барысында күшейтілген санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтау, жедел респираторлы белгілері және басқа да инфекциялық ауру белгілері бар азаматтарды өткізбеу мақсатында ҰБТ-ға қатысушылар мен оған тартылған қызметкерлерді сүзгіден өткізу; әлеуметтік қашықтықты сақтау және адамдардың топтаспауы үшін аудиторияға кіру-шығу бағыттарын жасау; сонымен бірге аудитория ішінде желдету жүйесінің болуымен қамтамасыз ету мәселелері қадағаланады.

Айта кетейік, биыл елорданың жалпы білім беретін мектептерін 6515 түлек аяқтады. Оның ішінде ұлттық бірыңғай тестілеуге 6199 оқушы өтініш білдірген, яғни 96 пайызды құрайды. Олардың 3665-і ҰБТ-ны –

мемлекеттік тілде, 2495 түлек – орыс тілінде және 39-ы ағылшын тілінде тапсырады.

Тестілеу уақыты – 3 сағат 50 минут, 2 блоктан тұрады. 3 негізгі пәннен 20 тапсырма және 2 бейіндік пәннен 30 тапсырма болады.

### Ата-аналарға ескерту:

ҰБТ қатысушыларымен бірге келген ата-аналары үшін арнайы күту орындары қарастырылмақ. Сонымен бірге адамдардың көптеп жиналуын болдырмау үшін, балалардың денсаулығы мен сақтық шаралары үшін ата-аналардан үйде қалулары сұралады. Олар үшін онлайн режимде аудиториядан тікелей көрсетілім ұйымдастырылады.

## БАЛАБАҚШАҒА КІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАЙДЫ?

» Биыл елордалық 20198 бүлдіршін алғаш рет мектепке дейінгі мекемелерге бармақ. 17 маусымнан бастап барлық мектепке дейінгі ұйымдарға құжат қабылдауды бастау жоспарланды. e.astana.kz немесе indigo24.kz электронды жүйесінде мектепке дейінгі ұйымдардан босаған 20198 орын жарияланады.

Оның ішінде жекеменшік балабақшалар мен шағын орталықтар да бар. Босаған орындардың ішінде 2018 жылы туғандарға – 2442 орын, 2017 жылы туғандарға – 7877 орын, 2016 жылы туғандарға – 5449 орын, 2015 жылы туғандарға 4430 орын қарастырылған. 1 маусымнан барлық мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда сағат 8.00-ден 18.00-ге дейін ата-аналар үшін онлайн-консультациялар ұйымдастырылды. Ата-аналар қажет жағдайда қатаң санитарлық-дезинфекциялық шараларды сақтай отырып, мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар жанындағы консультациялық пункттердің көмегіне жүгіне алады. Топтастыруды өткізу кестесі мен жолдамаларды алу бойынша ақпарат барлық интернет ресурстарда: Білім басқармасының сайтында (www.bilim.astana.kz), әкімдіктің сайтында (astana.gov.kz), электрондық жүйеде (e.astana.kz немесе indigo24.kz) орналастырылады. Ал карантиндік шаралар режиміне байланысты берілген жолдамалардың мерзімі ата-ананың қатысуынсыз автоматты түрде жүйеде ұзартылады. Барлық туындайтын сұрақтар бойынша Call-орталыққа 55-68-83, 55-68-73, 1445 телефондары арқылы хабарласуға болады.

## АҚЫЛЫ ОЛИМПИДАЛАР АЗАЯДЫ

» Соңғы жылдары білім беру жүйесі ақылы олимпиада, байқау, сайыстардың алаңына айнала бастағаны рас. Сапа мен саны сәйкес келмейтін олимпиада әсіресе онлайн режимде көптеп ұйымдастырылады.

Осыны назарға алған Білім және ғылым министрі енді мағынасыз ақылы олимпиадалар біраз азаятынын айтты. Өйткені өте жақсы деген олимпиаданың ұғымын ақылы олимпиадалар түсіріп тастады. Сондықтан мектеп те, мұғалім де баланы ақылы сайыстарға мәжбүрлеуі тиіс. Министрлік тарапынан қазір де әділ әрі ашық өткізілетін ақысыз олимпиадалардың санын көбейтін жатқанын тілге тиек етті.

# ҰЛЫҚ ҰЛЫС – АЛТЫН ОРДА ҚАЙ ТІЛДЕ СӨЙЛЕГЕН?


Соңғы жылдарда Ресей тарапы Алтын Орда тарихына қатысты ғылыми қалыптасқан көзқарастарын қайта қарап жатқаны белгілі. Екі жүз елу жыл татар-моңғол басқыншылығының езгісінде болып, елдікке азаттық күрестердің нәтижесінде жеттік дейтін тұжырымдардан гөрі ел болып, етек-жеңімізді жинауға Алтын Орданың мемлекеттік жүйесі тікелей ықпал етті деген пікірлер ұсынылуда. Әрине, Алтын Орда ыдырағаннан кейін күшейген Мәскеу Русі мемлекеттік жүйесі Алтын Орда дәстүрімен қалыптастырғаны аян. Осы тұжырымның артында Алтын Орданың мұрагері біз – Ресей деген ашық ой жатыр. Түптеп келгенде, байырғы Алтын Орданың мұрагері Ресей болса, сол Алтын Орданың тамырын алған бүгінгі елдердің, күллі Еуразияның қожасы Ресей деген өктем саясаттың да шеті қылтып тұр.

Соңғы уақытта жарияланған Хакас мемлекеттік университетінің доценті Г.Тюндешевтің «Великий хан Батый – основатель Российской государственности» атты кітабы көптеген пікір қайшылықтарын тудырады. «Нынешняя Россия формировалась не на почве Киевской Руси, которая распалась на несколько суверенных государств еще в XII веке, за век до появления «монголов», не в соперничестве с ординами, с которыми не было у русских трений на религиозной или культурной почве. Россия возникла на совершенно новой московской почве, которая была органической частью золотоордынской государственности; она выросла из соперничества Московии с ханствами, входившими ранее в Золотую Орду, за право наследия распадающегося великого государства» дейді ғалым.

Алтын Орданың ежелгі территориясының қырық пайызы – бүгінгі Қазақстан иелігі, байырғы қазақ жұртының атамекені. Алтын Орданың мұрагеріміз деп пікір айтуға біздердің де толық құқымыз бар. Биыл Алтын Орданың құрылғанына 750 жыл толып отыр. Ал мұрагеріміз деп құр кеуде соғудан гөрі оның айқын дәлелін тарихтан да, тілден де, әдебиеттен де іздеу шарт.

Кез келген тобыр ұлт бола алмайды. Қазақ халқы да ұлт болып қалыптасу жолында қилы-қилы тарихи кезеңдерді бастан кешірді. Бүгінгі қазақтар – көне қыпшақтардың заңды жалғасы, мұрагері. Қыпшақтар қайдан шықты, қайда барды, қайда кетті деген күрделі сұрақтарға ғылымда соңғы кездері нақ жауаптар, тың тұжырымдар айтыла бастады. Белгілі тарихшы Мурад Аджиді былай деп жазды: «Қыпчак – это имя одного из древнейших тюркских родов. Возможно, он когда-то первым отделился с Алтая, и дру-

» Ұлт тарихын түгендеуде қашанда күрделі мәселелер бар. Елбасы – Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «көпқырлы әрі ауқымды тарихымызды дұрыс түсініп, қабылдай білуіміз керек. Біз басқа халықтардың рөлін төмендетіп, өзіміздің ұлылығымызды көрсетейін деп отырғанымыз жоқ. Ең бастысы, біз нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиіспіз» деп атап көрсетті. Тарихтағы өз орнымызды саралауда Алтын Орда кезеңіне соқпай кете алмаймыз (ескерту: Алтын Орданың тарихи атауы – Ұлық Ұлыс. Тоқтамыс хан «Ұлық Ұлыс ханымын» деп хат жазған).



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
Қазақстан Республикасы  
Президенті:

АЛТЫН ОРДАНЫҢ  
750 ЖЫЛДЫҒЫН  
ТӨЛ ТАРИХЫМЫЗҒА,  
МӘДЕНИЕТІМІЗ БЕН  
ТАБИҒАТЫМЫЗҒА  
ТУРИСТЕР НАЗАРЫН  
АУДАРУ ТҮРҒЫСЫНАН  
АТАП ӨТКЕН ЖӨН

гих переселенцев стали называть его именем». Бұдан әрі ғалым тарихтағы халықтардың ұлы қоныс аударуының көш басында қыпшақтар болғанын айта келіп: «...Тогда, то есть к концу V века, кипчаки заселили пол Европы и всю Центральную Азию. Тюркская речь заглашала на Евразийском континенте любую другую. Тюрки были самым многочисленным народом мира... Один народ дал жизнь десяткам других народов» дейді. Міне, осы қыпшақтар половцы, кумандар атала жүріп мың жылдан астам уақыт тарихта белгілі болған. «Қыпшақ» сөзі ең алғаш Селенгі өзенінің бойында тасқа қашалып бедерленген. Элетміш Күл Білге қағанның (747-757) басына қойылған құлшытаста былай жазылған: «түрк кыбчак еліг йыл ол дурмысың (когда тюрки-кыбчакки властвовали над нами пятьдесят лет). Араб зерттеушілерінің еңбектері-

не үнілсек, қыпшақтар IX ғасырдан белгілі болған. Сонымен қатар IX-X ғасырларда тарих сахнасында оғыздардың да үлкен орны болды. Олар Солтүстік Каспий, Сырдарияның төменгі ағысы, Арал теңізі маңайын жайлады. Бірақ XI ғасырдағы қыпшақ тайпаларының өсіп, өркендеп, билік басына келуі оғыздарды ығыстырып, басқа да түрлі тайпалардың қыпшақ одағына сіңіп, ортақ қыпшақ тілінде сөйлеуіне мәжбүр қылды. С.Г.Агаджанов былай дейді: «В конце X первой половине XI в. в политических рамках державы сырдарьинских ябгу происходит интенсивный процесс формирования огузской народности, он стимулировался распадом старых кровнородственных связей, образованиям новых территориально-хозяйственных объединений и становлением раннефеодалных отношений. Однако данный процесс не получи-

ли своего завершения и был прерван гибелью огузского государства в середине XI в. в результате кипчакского движения».

Басында Қимақ қағанатының құрамында өмір сүріп, кейін дара тайпа болып бөлінген қыпшақтар XI ғасырдан бастап, Ә.Құрышжановтың сөзімен айтқанда, «тарих сахнасының авансценасына» шығады. Ортағасырлық қыпшақтар тарихын арнайы зерттеген С.М.Ақынжанов: «әртүрлі тарихи деректерге қарағанда, Қазақстан даласының солтүстік аймақтарында XI-XII ғасырларда түркі тайпаларының басында хан билігі бар қыпшақтар конфедерациясы қалыптасты» деп тұжырымдады. Қыпшақтар ұлан-байтақ территорияны игеріп, Балқаш көлінің жағалауларындағы жазық далалардан бастап Солтүстік Кавказ таулары мен Қырым қыркаларына дейінгі аралықты мекендеді.

Мафазат әл-гузз (оғыздар даласы) атауының орнына Дешті қыпшақ (қыпшақтар даласы) атауы пайда болды. Қыпшақ тайпалары Қытай Түркістан, Алтай таулары, Орта Азия, Еділ аймағы, Алтын Орда, одан әрі Еуропаға дейін тарады.

Ал моңғол үстемдігі кезінде құрылған Алтын Орда қыпшақтардың негізгі отаны болды. Бұл жерде М.Аджидің «Дешт-и-кипчак при новом монгольском правителе получил и новое имя – Золотая Орда, ...которая, как это ни парадоксально, целиком и полностью держалась на кипчаках» деген сөзінің маңызы зор. Сол қыпшақтар қазақ халқының жеке этникалық топ болып қалыптасып, дербес ұлт ретінде тарих дәстәрқанынан өзіне лайық орын алуына, сондай-ақ қарақалпақ, башқұрт, татар, ноғай, қырым татарлары, қарашай, балқар, құмық, қарайым, ал-

тай, қырғыз халықтарының ұлт болып қалыптасуына игі ықпалын тигізді. Қазақтың біртұтас этнос болып қалыптасуында, өсіп-жетіліп, өркендеуінде Алтын Орда мемлекеті зор рөл атқарды. Осыдан бесжыл бұрын Елбасы Н.Ә.Назарбаев Ұлытау төріндегі сұхбатында мемлекетіміздің түп-тамыры сонау ғұн-үйсін, түркі дәуірінен бастау алып, Алтын Орда мемлекетіне ұласқанын айта келіп, Қазақ хандығы өз еншісін осы мемлекеттен алғанын ашып айтқан еді. Алтын Орда дүниежүзілік тарихта, әлемдік мәдениетте өзіндік орны бар іргелі де қуатты мемлекет еді. Бұл солтүстік-шығыста Бұлғар облысы, Еділдің орта және төменгі жағалауын, оңтүстікте Қырым, Кавказдың Дербентке дейінгі, тіпті одан да арғы далаларды, шығыста батыс Сібір мен Сырдарияның төменгі жағалауын алып жатқан кең-байтақ ел болатын. Әуелде Жошы ұлысы ретінде дүниеге келген Алтын Орда Бату хан (1227-1255), кейін Берке хан (1257-1266) тұсында дәуірлеп, Мөңке Темір хан (1266-1280), Өзбек хан (1312-1342) мен Жәнібек хан (1342-1357) тұсында Еуразияның апайтөс даласында билік құрған қаһарлы мемлекетке айналды. Алтын Орданың нағыз гүлденген кезеңі – Берке хан мен Өзбек ханның билік жүргізген дәуірі. Берке ханның ислам дінін қабылдауы мемлекеттің дамуына игі әсер етті. Беркенің сарайына мемлекеттің төрт бұрышынан ғалымдар, ақындар, суретшілер келе бастайды. Қала мәдениеті өркендейді. Бұл жайында Э.Н.Наджиді былай деп жазды: «Арабские и персидские историки, побывавшие в Золотой Орде сообщают о многих ученых, писателях, богословах и поэтах, которые жили на территории Золотой Орды, занимались научной и литературной деятельностью. Ныне обнаруженные памятники материальной и духовной культуры Золотой Орды подтверждают высокую культуру вес центра». XIV ғасырдың бірінші жартысында бүкіл елге мұсылман діні кеңінен жайылды. Өзбек хан қалалар, мешіттер, медреселер салуға көңіл бөлді. Алтын Орда сауда жолында орналасқан ең мәдениетті мемлекетке айналды.

Алтын Орда мемлекетінің территориясын мекендеген халықтардың этникалық құрамы туралы әртүрлі мәліметтер бар. Түркітанушы П.М.Мелиоранский «Араб филолог о турецком языке» деген еңбегінде: «Золотая Орда состояла из смеси различных турецких и монгольских племен» деп көрсеткен. Белгілі ғалым Ә.Құрышжанов тарихи деректерге сүйене отырып, Алтын Орда халқының дені қыпшақ рулары болған деген қорытындыға келеді. Сол қыпшақ рулары қазіргі қазақ халқының арғы тегі екені даусыз. Бұл ру, тайпалар әлемдік мәдениетке өз

үлестерін қосып, кейінгі ұрпақтарға мол мәдени мұралар қалдырып кетті. Ә.Кекілбаев «Қазақтың төрт мың жылдық тарихы бар, дәйекті, деректемелі тарихы екі мың жылдың көлемінде» десе, ал қазақтың сүйегін зерделеп жүрген антрополог ғалым Оразақ Смағұлов «қазақтың тарихы бір тал шашында» деп ұлттымыздың 40 ғасырлық тарихын бұлтартпас деректермен дәлелдеп отыр. Алаш ардагері Ә.Бөкейханов «Қазақ тарихы – қазақ әдебиетінде» деген еді, ал біздің ойымызша, ең дәйекті, ең деректемелі тарих тілдің бойында сақталады. Қазақтың тарихы – қазақ тілінде. Сол тілде сөйлеп, сол тілді жазып жүріп, осыдан төрт, тіпті бес мың жыл бұрынғы ата-бабамыз айтқан сөзді, түбірді, жұрнақты, тіпті дыбысты айтып, күнде қайталап жүргенімізді өзіміз байқамаймыз. Ұлт тарихын зерделеуде тілдің қалыптасу үдерісін ескермей алысқа бара алмаймыз. Тіл тарихы – ұлт тарихы. Ал қазақ тілінің ең көне тілдік деректері Орхон-Енисей жазба мұраларында сақталған. Академик Ә.Т.Қайдаровтың мына пікірі аса өзекті: «Этностың басып өткен сан ғасырлық даму жолы, оның белгі-бейнелері біздерге тас мүсіндер мен жартастарға қашалған сына жазулар арқылы, мәдени ескерткіштер мен әртүрлі ғимараттар түрінде жеті мүмкін. Бірақ бұлардың бәрі этнос өмірінің мың да бір елесі ғана. Оның шын мәнісіндегі даналығы мен дүниетанымы тек тілінде ғана сақталады. Әрбір дәуірде өмірге қажет болған құрал-сайманның, қару-жарақтың, киер киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен салт-санаға, әдет-ғұрып, наным-сенімге, ойын-күлкі, той-томалыққа байланысты ұғымдардың аты-жөні, сыр-сипаты, т. б. тек тіл фактілері ретінде ғана, яғни жеке сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтел арқылы ғана бізге жеті мүмкін.

Қыпшақ тілдерін, оның ішінде қазақ тілінің тағдырын сөз еткенде орта ғасырларда, дәлірек айтсақ Алтын Орда дәуірінде, XIV ғасырда дүниеге келген жазба ескерткіштер тіліне жүгінеміз. Атап айтсақ, олар – Құтыптың «Хұсрау мен Шырын», Сеиф Сарайидің «Гүлистан би-түрки», Хорезмидің «Мұхаббат-наме», Махмуд бин-Алидің «Нахдж әл-Фарадис» атты шығармалары. Отандық түркітануда ортағасырлық жазба ескерткіштерді зерттеу ісі Ә.Н.Наджип, Э.Фазылов, А.К.Боровков, А.М.Щербак, Ә.Құрышжанов, Б.Сағындықұлы, Ә.Керімов, А.Ибатов сияқты ғалымдардың есімімен тығыз байланысты. Жалпы, ғылымда қалыптасқан көзқарас бойынша XIII-XIV ғасырларда Алтын Орда мен Мысыр жерінде пайда болған ескерткіштер екі түрлі аралас тілдің бірінде: не қыпшақ-оғыз аралас тілінде, не оғыз-қыпшақ аралас

тілінде жазылған (Наджип, Щербак, Баскаков). Дегенмен қыпшақ-оғыз элементтері аралас келгенмен бір-бірінен алшақ кетпей, бір әдеби дәстүрге бағынған. А.Зайончковскийдің «XIII-XV вв. сложился единый тюркский литературный или письменный язык» деген пікіріне сүйене отырып, аталмыш жазба ескерткіштер ортақ бірегей түркі тілінде жазылған деп айтуға әбден болады. XI ғасырдан бастап XV ғасырларға дейін туыстас тілдердің бәріне ортақ, әртүрлі ру, тайпалардың бәріне түсінікті орта түркі тілі болғаны анық. Ә.Құрышжанов пен Ә.Ибатов «Орта түркі әдеби тілі өз заманында тек қана Орта Азия емес, қазіргі Қазақстан жерінің барлық түкпірі мен солтүстік аймақтағы түркі халықтарын түгел, Еуропа жеріндегі «Дешті қыпшақ» пен Қырым халықтары, тіпті сонау жер ортасы – Мысыр мен Шамды жайлаған мәмлүк қыпшақтарына тән жазба ескерткіштердің бәрін қамтитын, солардың бәріне ортақ әдеби тіл болған деп тұжырымдады. Осы орта түркі тілінің сол орта ғасырлардың өзінде-ақ екі үлкен тармағы, қыпшақ және оғыз варианты өзіндік белгілерімен даралана бастаған еді. Тіл тарихы халық тарихымен тығыз сабақтас, экстралингвистикалық жағдайларға тәуелді. Орта түркі әдеби тілінің қыпшақ варианты басқаларға қарағанда XIII-XIV ғасырларда тарих сахнасында мойны озық болды, өйткені Дешті қыпшақта, Алтын Ордада және Мысырда қыпшақтар гегемондық рөл атқарды. Сондықтан біртұтас орта түркі тілі, нақтырақ айтсақ, көне қыпшақ тілі еді. XIII-XIV ғасырларда Еуразия кеңістігінде, Жібек жолының бойында халықаралық тілге айналған да осы көне қыпшақ тілі болатын. Алтын Орданың ресми тілі де көне қыпшақ тілі еді. Жазба мұрағаттар көне қыпшақ тілінде жазылған. Осы мұралар – бүгінгі қазақ тіліне тікелей қатысты, қазақ әдеби тілінің басты бір арнасы.

Қазақ тілі – біртұтас, монолитті тіл, бірақ бұл тұтастықтың бастауы көне түркі заманынан басталып, орта ғасырларда шыңдалып, ұлттық деңгейде даралана бастайды. Сол дәуірлерден баз-баяғы қалпында, дыбыстық және мағыналық тұлғасы өзгермей қазақ тіліне жеткен сөздер байырғы сөздік қорды құрайды. Ал Алтын Орда жазба ескерткіштерінде қазақ тіліндегі баламаларымен дәлме-дәл 420-дан астам сөз бар. Олар: адым, азық, ай, алма, ала, сары, кең, тар, төрт, тоқсан, айыр, бар, кет, т. б. Кейбір сөздердің қолданылу жиілігі 20-ға дейін барады.

Қазақ тілінің материалдық мәдениет лексикасы қалыптасуының бір арнасы – Алтын Орда дәуірі мұралары. Осы жазба ескерткіштердің тілінен байқағанымыз, ата-бабаларымыздың баққан малын



(ат, бағлан, йылқы, оғлақ, сығыр, тева, қысрақ, қозы, қой) біз де бағып жүрміз. Ал таққан әшекейін (асырға, йүзук) тағып, ыдыс-аяқтарын (айақ, ызыш, бычақ, чанақ, чомчә, қазған, қашуқ.), үй-іші мүліктерін (ачгуч, бешик, йастук, йоғурған, кийиз, килим, сипуртка) тұтынып, киген киімдерін (тон, чапан, көмәр, құр, қафтан, көнлөк, бөрк, башпақ) киіп жүрміз. Киім тігілетін материалдарын да (бөз, йүң, чөбрәк, қайыш, атлас, ййбек, көн, мамұқ, тәри), еңбек құралдарын да (балта, бурғу, ырғақ, көрүк, тарғақ//тырнауыш, арава, ййб, тузақ, чөлөк, қазуқ, қоңырауға) қолданып, ішкен-жеген тамағын да (аш, ет, бал, йоғұрт, сарқут, туз, ун, қаймақ, сүт) ішіп жүрміз. Мұның өзі этномәдени сабақтастықты көрсетеді.

**Т**үркі тілдерінде түбір – аса күрделі құбылыс. Олар күллі лексикалық қордың мәйегі. Академик Ә.Қайдаров қазақ тіліндегі 3000 бір буынды түбірлерді айқындаған еді. Тілдің даму үдерісінде кейбір түбірлер көмескіленіп, түпкі түбірге не өлі түбірге айналды. Өлі түбір деген ұғым шартты түрде айтылып жүр. Түбір мүлде өлмейді, ол көмескіленіп, өзіне туындаған кейінгі тұлғаға сол мағынасын аманаттап тұрады. Өсімдіктің тамыры іспеттес. Бүгінгі қазақ тіліндегі синхрондық тұрғыдан түбір мен қосымшаға бөлінбейтін тұлғаларды диахрондық тұрғыдан буынға жіктеуге болады. Мысалы, Сы (сы-н, сы-н-дыр), ай (ай-т), бод (бод-ан), бош (бус-ан), көп//кәб (кеб-енек), йіт (жіт-ім//өлім-жітім), қар (қар-ым-қатынас), саб (сөз сап-тау), тын (тын-ым). Бұдан байқағанымыз, қазіргі қазақ тілі тұрғысынан өлі түбірлер Алтын Орда дәуірінің жазба ескерткіштерінде дербес сөз, дер-

**Орта түркі әдеби тілі өз заманында тек қана Орта Азия емес, қазіргі Қазақстан жерінің барлық түкпірі мен солтүстік аймақтағы түркі халықтарын түгел, Еуропа жеріндегі «Дешті қыпшақ» пен Қырым халықтары, тіпті сонау жер ортасы – Мысыр мен Шамды жайлаған мәмлүк қыпшақтарына тән жазба ескерткіштердің бәрін қамтитын, солардың бәріне ортақ әдеби тіл болған деп тұжырымдады. Осы орта түркі тілінің сол орта ғасырлардың өзінде-ақ екі үлкен тармағы, қыпшақ және оғыз варианты өзіндік белгілерімен даралана бастаған еді**

бес түбір тұлға күйінде қызмет атқарған. Көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің сабақтастығының жарқын дәлелі – осы түбірлер. Ал тұрақты тіркестер – ұлттың дүниетанымының көрінісі. Фразеологизмдер – тілдің көркемдігін, суреттемелігін, бейнелігін көрсететін тілдік бірліктер. Тұрақты тіркестердің қалыптасуы – ұзақ үдеріс. Қазіргі қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің дені орта ғасырларда, Алтын Орда дәуірінде қалыптасқан. Халықтың өмір сүрген ортасына көзқарасы, ойлау жүйесі осы фразеологизмдердің бойынан анық

көрінеді. Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің түп-тамырын жазба ескерткіштер тіліндегі фразеологиялық тұлғалармен сабақтастыра зерделесек, сабақтастықты, ортақтықты анық көреміз. Мәселен, Он төртінчи түннүң толун айы – он төртінші түннүң толған айы, сұлу. Йе-либ он төрт күн йар тиләйи, ол он төртінчи түннүң толун айы «он төртінші түннүң толған айын (сұлуды) тілеп, он төрт күн, түн желді». Йүзин йергә қойуб – жүзін жерге қойып, ұялып. Бир ақил вазир шафаат йүзин йергә қойуб айтты «бір ақылды уәзір, жүзін жерге қойып, айтты». «Ұялу, ұятқа қалу» мағынасын йүз сувын төк тұрақты тіркесі де береді.

Йети иклим ичиндә – бүкіл әлем, жеті ықылым. Йети ик-лим ичиндә көркә хали, сениң тек бир тағы сұлтан йок, ей жан «Бүкіл әлемде сенен асқан көрікке бай сұлтан жоқ, ей жан». Қазақ тілінде жеті ықылым «дүние», «бүкіл әлем» мағынасын білдіреді. Бұл деректер, сөз жоқ, қазақ тілінің көнелігін, қалыптасу жолын көрсетсе, қазіргі қыпшақ тілдерінің бұрынғы да, бүгінгі де ұйытқысы қазақ тілі екенін дәлелдейді. М.Жұмабаевтың «қыпшақтардың бір кезде дәуірлеп жасаған жазба даласының қара шаңырағының мұрагері де сол қазақтар» деген сөзі нақ шындық. Ал Алтын Орда мұралары – қазақ жазба әдебиетінің де басты арнасы. Қазақ жазба әдеби тілінің негізін салушы ұлы Абайдың ғылымда үш мектебі айтылады. Біріншісі – ауыз әдебиеті, екіншісі – шығыс әдебиеті, үшіншісі – орыс және Батыс Еуропа әдебиеті. Абайдың ақын болып қалыптасуындағы тағы бір арна, төртінші мектеп – ол Ж.Баласағұнның «Құдатқу білігінен» басталған түркілік жазба әдебиет еді. Абай өзіне дейінгі жазба дәстүрді, жазба әдебиетті жақсы білген және содан

нәр алған. Абайдың қазақ әдебиетінде алғаш қолданған айшықты сөз тіркестерінің түп негізі Алтын Орда әдебиетінде жатыр.

Мысалы, Құтып ақында: «Көңіл қушы бу ғашық отында учар,

Хайалы ол Шырын Хұсрауны кучар» деп көңіл құшы түрінде айтылса, Абайда: «Көңіл құсы құйқылжытар шартарапқа

Адам ойы түрленіп алған шақта» деген сияқты көңіл құсы түрінде мағыналық, тұлғалық жағынан дәлме-дәл келіп, Құтыпта да, Абайда да бұл фраза «жүйрік қиял» мағынасында айтылып отыр. Немесе сынуқ көңүл тұрақты тіркесі Құтыпта:


«Мені қадғұмда аз хор қылғыл

Сыңдуқ көңүлүмні бәс азар қылған» түрінде айтылса, Абайда:

«Сынық көңілім көп кешер Майда қолмен ұтасан» деп келеді. Осындағы сынық көңіл фраземасы екі дәуір ақынында «жабырқаңқы, қайғылы көңіл күйді» білдіреді. Сонымен қатар ұлы Абайда көңілдің жайлауы, көңілдің күні сияқты бояуы қанық, жаңаша өрілген фразеологизмдер ұшырасады. Бұл деректерге қарап, XIX ғасырдағы Абай поэзиясы, ортағасырлық қыпшақ жазба поэзия дәстүрінің заңды жалғасы, дәстүрлі өнер сабақтастығы деп айтуға болады. Ғасырлар қойнауынан өзгермей, тарихтың ызғарлы желіне түтіліп кетпей келе жатқан тұрақты тіркестерден тұтас бір ұлттың қазақи бет-бейнесі анық көрінеді.

Қорыта айтқанда, осындай тарихи, тілдік және әдеби деректерге сүйене отырып, Алтын Орданың бүгінгі басты мұрагері – қазақ ұлты, Қазақстан Республикасы деп тұжырымдауымызға толық негіз бар.

**Мұрат САБЫР,**  
филология ғылымдарының докторы, профессор



# ҚАЗАҚ ТІЛІ ҚАШАН ІТ ТІЛІНЕ АЙНАЛАДЫ?

» Өткен жылы «Астана ақшамында» Парламент Мәжілісінің депутаты Дархан Мыңбайдың «Даңғаз жасамай жүргізетін жұмыстар» деген шағын мақаласы жарияланды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауындағы «қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғаз жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек» деген сөзін арқау ете отырып, мемлекеттік тілді цифрлық технологияға көшіру жөнінде ой қозғаған бұл мақаланы оқырман жылы қабылдады. Осы мақалаға ой қосу және қазақ тілін ғылым-техника тіліне бейімдеу жағындағы одан басқа да олқылықтарды ортаға салу мақсатында программист, «Оз», «Тәлім» интернет білім мектебінің негізін қалаушы, кәсіпкер ЫҚЫЛАС ОРАЗБАЙ-ҰЛЫМЕН өткізген сұхбатымызды оқырман назарына ұсынып отырмыз.

## Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

– Біз үнемі «қазақ тілі – бай тіл, әлемде қазақ тіліндей бай тіл жоқ» деп мақтанамыз. Біздің осы тіліміздің байлығы ғылым саласына, нақтырақ айтқанда, қазіргі көп нәрсе компьютерге иек артқан дәуірдің қажетіне сәйкесіп жатыр ма?

– Қазақ тілі бұрын бай тіл болса болған шығар, дәл қазір бай тіл деп айта алмаймын. Барған сайын байығаны сол, балық құрықтап, ауқымы тарылып бара жатқандай сезіледі. Себебі біз тілімізді ғылым-техникаға араластырып, әлі күнге дейін осы заманның қажетіне қарай бейімдей алмай отырмыз. 21-ғасыр қайсы ұлттың экономикалық қуаты артып, қайсы елдің ғылым мен техникасы өркенде, сол ұлттың, сол мемлекеттегі негізгі ұлттың тілі де салыстырмалы түрде күш алатынын көрсетті. Өкінерлігі, бұл жағынан біз әлі арттамыз, тілімізді ғылым-техникаға араластырмақ түгіл, қазақты қазақша сөйлете алмай мысымыз құрып жүр. Қит етсе «70 жыл бодан болдық қой» деп өзімізді жұбатамыз. Бірақ бізбен бірге тәуелсіздік алған Өзбекстанда өзбек тілінің десі күшті. Сосын да шығар, әлемдік компьютер программаларында көбінесе



«Цифрлы Қазақстан» деп арнайы бағдарлама түзіп, жыл сайын қыруар қаржы жұмсағанымызбен, шын мәнісінде қауқарымыз қандай екенін індет ашып көрсетіп берді

өзбек тілі қамтылады да, қазақ тілі қағыс қалып жатады. Өйткені шетелдіктер Қазақстанда қазақ тілі көп қолданылатынын білмейді, орыс тілі болса жеткілікті деп қарайды. Сіз Қазақстанға келгелі қазақ тілінде компьютер жүйесін істеп отырған адам көрдіңіз бе? Бәрі орысша. Қазақ тілін жақсы білетін кісілердің өзіне компьютеріне қазақ тіліне аударылған программаны қойып берсең, бір-екі күннен кейін, «мынаны түсіну қиын екен, одан да үйренген орысша жақсы екен» деп қайта келеді. Әрине, орысша, қытайша программаға үйренген адамдарға қазақшалап қойған компьютер тілі тосын сезілетіні шын. Бірақ «қазақ тілі – мемлекеттік тіл» болғанмен, бүкіл ғылым-техника орыстың тілімен сөйлеп тұрса, қазақ тілі қайтып күш алады? Ағылшын тіліндегі mouse деген сөзді орыстар мышь, ұйғырлар қол тышқаны деп алса, қазақ тілінде ол сипатына қарай «гінтуір» деп әрі образды, әрі жатымды алынды. Cursor-ды орысша курсор деп алса, қазақша «нұржетек» деп аталды. Осы атаулар қандай ұғынықты? Бірақ осыны көбіміз қолданбаймыз, әлеуметтік желіде онлайн аударсаңыз да тышқан, курсор деп шығады. Демек, тілімізде жоқты табуға, барды бағалауға әлі күнге дейін назар аудармай келеміз.

– Басқа ұлт тілдерінде дұрыс жазуға себі тиетін, қате жазсаң, автоматты түрде көрсететін компьютерлік жүйе әлдеқашан әзірленген. Word ішінде дайын тұр. Ал бұл қолайлылық қазақ тіліне келгенде тілін тістеп қалатыны қалай?

– Қазақстанда мемлекеттік тілді дамытамыз деп кіріскелі 30 жылға таяды. Бірақ билік сол мемлекеттік тілді дамыту

мақсатында сіз айтып отырған компьютер программаларын әзірлеуге, қазақ тілінде жазылған программаларды қолдануға мән беріп, қаржы бөліп, соны пайдалануға міндеттеп көрді ме? Меніңше, өйтпеген секілді. Себебі жақында жаңағы сіз айтқан программаны қосып алайын деп Word-2014 нұсқасын ашсам, қазақ тілі шықпай тұр. Ешкім қажет қылмаған соң да қоспаған шығар деп ойладым.

– Дыбысты, дәлірек айтсақ, қазақ тіліндегі сөзді жазуға айналдыратын жүйе де жоқ қой бізде?

– Жазуды дыбысқа айналдыру жүйесі басқа дамыған мемлекеттердің бәрінде бар. Өйткені компьютерге қарап отырып жыпырлаған жазуды оқығаннан гөрі компьютердің өзіне оқыта салған әлдеқайда қолайлы әрі ұтымды. Дауысты тану және оны жазуға айналдыру жүйесі – қазақ тілінің әлем тілдері жүйесіне кіруі үшін өте қажетті қадам. Егер қазақ тілінің әр дыбысын компьютер тани алатын болса, онда кез келген аударғыш программалардың көмегімен қандай бір елде еркін қарым-қатынас жасауымызға мүмкіндік ашылар еді. Бұған мемлекет қолдау көрсетіп, программистерді ұйымдастырып, арнаулы қаржы бөлуі керек деп ойлаймын. Бір жеке программист немесе бір серіктестік оны еңбектеніп жасап, нарыққа шығарып, ақша таба алмайды, тері өтелмейді. Себебі қазақ тіліне сұраныс төмен болғандықтан, оған қажетті программалар өзін-өзі ақтамайды.

– Қазақстанда ғаламтор қауіпсіздігі қалай?

– Қазақстанда қазірге дейін компьютеріміздің қауіпсіздігін күніне тексеріп, компьютер

жүйесінің жыртық-тесігін жамап тұратын қауіпсіздік программасы жоқ. Әлі шетелдің антивирустық бағдарламасын пайдаланамыз. Бұл барлық құпиямызды шетелге шашып отырғанымыздан дерек береді. Жеке тұлғалардың түрлі ақпараттарын қараңғы базар алайын деп айта аласыз ба? Демек, елдер біздің мемлекеттік құпиялықтарды саудаға салмайды деп айтуға болады. Осыны ерте ескерген Қытай АҚШ-тың компьютер бағдарламасына негізделі отырып (ұрлап көшіріп болса да), өзінің программаларын, антивирустық бағдарламасын жасап алды. Ғаламтордағы қауіпсіздік мемлекеттік қауіпсіздіктің бір тармағы екенін ескерген жөн.

– Қазақстанда IT саласының дамуы қандай?

– Еліміз тәуелсіздік алғалы 30 жылға таяды. Бірақ осы 30 жылда Қазақстандік деп ауыз толтырып, айрықша атайтын бір IT брендіміз жоқ. Интернет әлеміміз бүкілдей шетелге тәуелді. Біз ғана емес, көптеген мемлекеттер әлемдік интернет желісін ортақ пайдаланып отыр. Алайда олардың ішінде өз елінің ақпарат саласындағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолынан келген мүмкіндіктерді жасап алған. Ал бізде мұны ескеретін кім бар?! Шынын айтқанда, IT саласы аса алмас асқар, асу бермес қамал емес. Шетелде бұл саламен 10 жыл айналысқан жас маманның бірі ретінде айтайын, бастысы Қазақстанда маман жетіспейді емес, бұл саланы қолдау жетіспейді. Өткенде «IT саласының маманымыз, жұмыс жүр-

гізетін, кеңсе беретін орын бар ма?» деп есігі еменнен жасалған көкелеріміздің біразын мазаладық. Керек қылған ешкім жоқ. Байқаймын, мыналар ұлтымыз үшін жұмыс істейді-ау деген сенімнен гөрі мұндай жұмыс қазақтың қолынан келмейді дейтін пікір басым. Сосын әріптестеріміз айналсоқтап жүрді де, түңілді де, орны күреулі тұрған басқа елдерге аттанып кетті. Осыдан 4-5 жыл бұрын менің әріптестерім 40 миллион теңгедей мемлекет теңдерін ұтып алып еді. Бірақ істей келе ана көкесі, мына көкесі жырымдап, қолдарына әрең 4 миллион теңге берді де, жұмыстың ақысы түгіл, маңдай терлері де өтелмей қала берді. Мәселен, мультфильмді қарайық, Қазақстанда да техникасы жоғары, нағыз қазақи ойлау жүйесімен мультфильм жасайтын жас мамандар бар. Бірақ оларға жұмыс берілмейді. Тәжірибесі жоқ дейді де, қомақты ақшасы бар жобалар ылғи да шетелде жасалады. Өйткені шетелде жасалған жұмыстан ақша жасау оңай. Жастарымызға қолайлы орта болмаса, қолдап-демеп, сеніп жұмыс тапсыру болмаса, маңдай терлері ақталмаса, бұл саламыз тұраламағанда қайтеді?!

– Өзіңіз ашқан «Оз», «Тәлім» жүйесін де таныстыра кетсеңіз. Жалпы, қазір онлайн оқуға жұрттың сұранысы қалай? Қытайда «интернет мектебі» жақсы дамығанын білеміз, ал Қазақстанда қалай?

– Қытайдағы «Оз» ғаламтор білім қамбасында қазір 30 мың адам білім алады, 200-ге тарта ұстаз білім беруде. Шетел тілі, компьютер, бизнес білімдерінен бастап, тіпті жіліктеп қой сою, ас пісіріп, күлше әзірлеуге дейінгі сабақтар бар. Мұғалім-

дер ерікті түрде онлайн сабақ өтеді, өтілетін сабақтар ақылы шығарылатындықтан, сабағының сатылымына қарай үлес алады. Біз тек қызмет өтеу платформасын қамдаймыз. Енді сол үлгіні қазақ елінде «Тәлім» деген атпен жалпыластырмақпыз. Арнайы программист мамандарымыз бар. Біз және онлайн, офлайн форматтарында IT мектебін құруды да жоспарладық. Кабинеттерді жағалау танысы жоқ біз үшін тарс бекітілген есік сияқты елестейді. Сондықтан көбінесе өз күшімізге сүйенеміз. Егер білік тұрғысынан көңіл бөлу мен қолдау болса, жұмысымыз қарқын алатын шығар. Бірақ қазір қолдан келгенді атқарып, ақсақтың аялына бағып, ақырын аяндап келеміз.

Жалпы, онлайн оқыту қазіргі дәуірдің қажеті деп айтуға болады. Бұдан былай үйіңіз де отырып мұхиттың арғы жағынан оқуға мүмкіндік бар. Бұл жағдайға карантин кезінде отандастарымыз да көз жеткізді деп ойлаймын. Мәселен, сол карантин кезінде бірден онлайн оқыту қажет болғанда, біразаға дейін не істеуді білмей дағдарып барып, әлемдік үрдіске әзер ілестік. Онда да Қытай компаниясы жасаған «Zoom» арқылы оқыдық. Ал дамыған елдер бұл жүйенің қауіпсіздік жағы жеткіліксіз екенін айтып, дабыл қағып жатқанда, бізде басқа талғам болған жоқ. Себебі бізде «Zoom»-ның орнын басатындай компьютерлік қосымша жоқ. Былайша айтқанда, «Цифрлы Қазақстан» деп арнайы бағдарлама түзіп, жыл сайын қыруар қаржы жұмсағанымызбен, шын мәнісінде қауқарымыз қандай екенін індет ашып көрсетіп берді. Осы тұрғыдан алғанда, отандық IT саласын күш сала дамытатын кез келді деп ойлаймын.



ДҮЙСЕНБІ

15 МАУСЫМ



6.00, 02.20 Әнұран. 6.05 «Ауылдастар».



6.00, 02.00 ҚР Әнұраны. 6.00 «7 күн».



6.00, 03.35 «Ән мен әзіл» концерттік. 6.30 «Күлдірген».



6.00 «ТАҒЫ ДА СҮЙ», т/х. 7.00 «ТОЙ ЗАКАЗ».



7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ. 7.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».



5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ. 6.00 Ризамын.

14.30 «Кел, татуласайық». 17.00 «Экстрасенсы детективы».



6.00 «Қыздар арасында». 6.50, 05.15 «Гү-гүлет».



6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ. 7.00 «Разминка».

СЕЙСЕНБІ

16 МАУСЫМ



6.00, 02.20 Әнұран. 6.05 «Ауылдастар».



6.00, 02.00 ҚР Әнұраны. 6.00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня.



6.00, 03.35 «Ән мен әзіл» концерттік. 6.30 «Күлдірген».



6.00 «ТАҒЫ ДА СҮЙ», т/х. 6.45 «ТОЙ ЗАКАЗ».



7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ. 7.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».



5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ. 6.00 Ризамын.




6.00 «Қыздар арасында». 6.50, 05.15 «Гү-гүлет».



6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ. 7.00 «Разминка».

СӘРСЕНБІ

17 МАУСЫМ



6.00, 02.30 Әнұран. 6.05 «Ауылдастар».



6.00, 02.00 ҚР Әнұраны. 6.00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня.



6.00, 03.35 «Ән мен әзіл» концерттік. 6.30 «Күлдірген».



6.00 «ТАҒЫ ДА СҮЙ», т/х. 6.45 «ТОЙ ЗАКАЗ».



7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ. 7.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».



5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ. 6.00 Ризамын.

12.00, 21.05 Т/с «ЦВЕТЫ ЗЛА». 13.00 «Келіндер байгесі».



6.00 «Қыздар арасында». 6.50, 05.15 «Гү-гүлет».



6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ. 7.00 «Разминка».

БЕЙСЕНБІ

18 МАУСЫМ



6.00, 02.30 Әнұран. 6.05 «Ауылдастар».



6.00, 02.00 ҚР Әнұраны. 6.00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня.



6.00, 03.35 «Ән мен әзіл» концерттік. 6.30 «Күлдірген».

@NurSultanNewsBot | tme/elordainfo



6.00 «ТАҒЫ ДА СҮЙ», т/х.
6.45 «ТОЙ ЗАКАЗ».
7.15 «БАСТЫ ЖаҒАЛЫҚТАР».
8.00 «ДОБРОЕ УТРО».
11.00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ».
12.00 «QOSLIKE».
15.45 Т/с «НАЖИВКА ДЛЯ АНГЕЛА».
16.45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ».
18.00 «БАСТЫ ЖаҒАЛЫҚТАР».
18.45 «BASTY PRIME».
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ».
20.45 Т/с «ГОНЧИЕ-4».
22.00 «П@УТИНА».
22.50 Т/с «ГОНЧИЕ-4».
00.20 Т/с «ГРАНИЦА. ТАЕЖНЫЙ РОМАН».
02.00 «ВЕЧЕРНИЙ УРГАНТ».
02.35 «П@УТИНА».
03.20 «BASTY PRIME».
04.20 «ҰШҚАЛАҚ».



7.00 ҚР ӘНУРАНЫ.
7.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».
7.30 КЕШКІ ЖаҒАЛЫҚТАР.
8.00 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ», т/х.
9.50 НОВОСТИ.
10.30 «ВОСТОК-ЗАПАД», т/с.
12.25 «ВЫСОКИЕ СТАВКИ», т/с.
14.10 «СИДЕЛКА», т/с.
16.15 «УЛЫ ТАМШЫЛАР», т/х.
18.00 «ЯСМИННИҢ ТАҒДЫРЫ», т/х.
19.30 КЕШКІ ЖаҒАЛЫҚТАР.
20.00 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ».
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ.
21.40 «СИДЕЛКА», т/с.
23.40 «ВЫСОКИЕ СТАВКИ», т/с.
01.20 «ВОСТОК-ЗАПАД», т/с.
03.00 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ», т/х.
03.45 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ».




5.58 ҚР ӘНУРАНЫ.
6.00 Ризамын.
7.00 Информбюро.
8.00 Т/с «ГАНГА».
10.00 М/с «Лунтик».
11.00 М/с «Аладдин».
12.00, 21.05 Т/с «ЦВЕТЫ ЗЛА».
13.00 «Келіндер бәйгесі».
14.00 Информбюро.
14.30 «Кел, татуласайық».
17.00 «Экстрасенсы детективы».
18.00 Т/с «ИДЕАЛЬНЫЙ ВРАГ».
19.00 Т/с «ИНКВИЗИТОР».
20.00 Информбюро.
22.10 Т/с «МАХАББАТЫМ, КЕШ МЕНІ».
00.15 Т/с «ИНТЕРНЫ».
01.55 Алдараспан, Шаншар, Нысана әзілдері.
03.30 Ризамын.
04.00 Әзіл студио.



6.00 «Қыздар арасында».
6.50, 05.15 «Гү-гүлет».
7.30, 15.00 Т/х «ПАРИЖДЕН МЕНІ ІЗДЕП ТАП».
8.00, 22.00 Т/х «ЭЛИФ».
9.00, 17.40 Т/с «АННА-ДЕТЕКТИВ».
10.00 «Смеяться разрешается».
11.45, 18.30 Т/с «КУБА».
12.45 К/ф «МОЙ ПАРЕНЬ-КИЛЛЕР».
14.30, 01.30 «Келесі кім?».
15.30, 01.00 Т/с «ПОБЕГ ИЗ АУЛА-2».
16.10, 00.40 «Новый день».
16.40 Т/с «ВСЕ К ЛУЧШЕМУ».
19.15 Т/с «ДОМИК НА СЧАСТЬЕ-2».
20.15 Т/с «ЖОЛДАМАЛЫ ҚАЛЫҢДЫҚ».
21.10 Т/с «ЗЫҢ-ЗЫҢ КҮЛПӘШ».
22.50 К/ф «НЕВЕРоятные приключения ФАКИРА».
02.00 «Айнаонлайн».
04.30 «Жеңіп көр».



6.55 ҚР ӘНУРАНЫ.
7.00 «Разминка».
7.15 М/х «Том мен Джерри».
8.00 «Жаңалық show».
8.55 «РЕВЮ».
9.20 «МАША И МЕДВЕДЬ», м/с.
9.50 Т/с «УНИВЕР».
10.50 Т/с «ФИЗРУК».
11.20 «МИР НАИЗНАНКУ».
12.20 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ».
13.30 К/ф «ЗДРАВСТВУЙ, ПАПА, НОВЫЙ ГОД!».
15.30 «БІР БОЛАЙЫҚ».
18.30 «РЕВЮ».
19.00 Т/с «ФИЗРУК».
20.00 К/ф «ЗАПРЕЩЕННЫЙ ПРИЕМ».
22.10 К/ф «В ДОЛИНЕ ЗЛА».
00.20 «БІР БОЛАЙЫҚ».
03.00 «РЕВЮ».
03.20 «Екі езу».
03.40 «Тек күлкі үшін».



ЖҰМА
19 МАУСЫМ
6.00, 02.40 Әнұран.
6.05 «Ауылдастар».

6.40, 17.00 АҚПАРАТ.
7.20 Т/х «ШАШУ».
8.20 М/ф «Алдар Көсенің көңілді оқиғалары».
8.30 «Трансформерлер: құтқарушы боттар», м/х.
9.15 «ДОСТЫҚ – ЖЕҢІЛМЕЙТІН КҮШ», М/х.
10.00, 18.00 Т/х «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».
12.00 «НИЕТ».
13.00 «ИМАН ӨЗЕГІ».
13.25 «АУЫЛДАСТАР».
14.00, 21.30 Т/х «ҒАЖАЙЫП ДӘРІГЕР».
15.00, 22.30 Т/х «ӘМІРШІ ӘЙЕЛ».
16.10, 23.30 Т/х «ӘСКЕРДЕН ХАТ».
17.15 «Қызық екен...».
20.40 «ASHYQ ALAN».
00.20 «PARASAT MAIDANY».
01.30 «Ashyq alan».
02.20 «Jan jlyuy».




6.00, 02.00 ҚР Әнұраны.
6.00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня.
7.30, 10.00 «Вкусное утро».
8.05, 01.25 «Менің тағдырым».
9.10 «Discovery: Как устроена Вселенная».
10.35, 17.10 Т/с «РАЗИЯ».
11.50 Т/х «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР».
12.30 «Баспанға бағыт».
13.00 Т/х «СҮЙЕ БІЛСЕҢ».
14.40, 21.40 Т/с «ЖЕСТОКИЙ СТАМБУЛ».
15.25, 22.25 Т/с «БОЛЬШАЯ МАЛЕНЬКАЯ ЛОЖЬ».
16.10 «Қоғамдық талқылау».
18.00 «Удачная сделка».
20.00 Қорытынды жаңалықтар.
20.50 «Новый курс».
21.00 Итоги дня.
00.00 «Жұлдыздар айтысады».



6.00, 03.35 «Ән мен әзіл» концерттік.
6.30 «Күлдірген».
7.00, 17.10 «Үздік әзілдер».
8.00 М/ф «Маша и медведь».
10.00, 22.00 «Күлфи», т/х.
11.20, 21.00 «Сүлеймен Сұлтан», т/х.
12.30, 23.10 «Ханзада Жумонг», т/х.
14.00 Elorda live.
14.15 Союзмультфильм.
14.55, 00.30 «Бір болайық», т/х.
16.00 «Қош келдіңіз!».
16.55 Арнайы репортаж.
18.00 «1001 түн», т/х.
19.00 «Кек», т/х.
20.00, 01.10 ASTANA TIMES.
02.00 Д/ф «Елорда қуаты».
02.20 «Әзілстан».
02.30 «KazNet».
02.50 «Біреудің есебінен», д/д.



6.00 «ТОЙ БАЗАР».
7.00 «БАСТЫ ЖаҒАЛЫҚТАР».
7.45 «ЖҰМА УАҒЫЗЫ».
8.00 «ДОБРОЕ УТРО».
11.00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ».
12.00 «QOSLIKE».
15.45 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ».
16.35 «НЕПУТЕВЫЕ ЗАМЕТКИ».
16.50 «ЖДИ МЕНЯ». КАЗАХСТАН.
18.00 «БАСТЫ ЖаҒАЛЫҚТАР».
18.45 «ЗАҢ СӨЙЛЕСІН».
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ».
20.45 «ПОЛЕ ЧУДЕС».
22.00 Т/с «ЛАБИРИНТЫ СУДЬБЫ».
23.00 «П@УТИНА».
00.00 Т/с «ЛАБИРИНТЫ СУДЬБЫ».
01.15 «ВЕЧЕРНИЙ УРГАНТ».
01.50 «П@УТИНА».
02.35 «ЗАҢ СӨЙЛЕСІН».
03.35 «ТОЙ БАЗАР».
04.20 «ҰШҚАЛАҚ».



7.00 ҚР ӘНУРАНЫ.
7.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».
7.30 КЕШКІ ЖаҒАЛЫҚТАР.
8.00 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ», т/х.
9.50 НОВОСТИ.
10.30 «ВОСТОК-ЗАПАД», т/с.
12.25 «ВЫСОКИЕ СТАВКИ», т/с.
14.10 «СИДЕЛКА», т/с.
16.15 «УЛЫ ТАМШЫЛАР», т/х.
18.00 «ЯСМИННИҢ ТАҒДЫРЫ», т/х.
19.30 КЕШКІ ЖаҒАЛЫҚТАР.
20.00 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ».
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ.
21.40 «РАДУГА В ПОДНЕБЕСЬЕ», т/с.
01.10 «ВОСТОК-ЗАПАД», т/с.
02.50 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ», т/х.
03.45 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ».



5.58 ҚР ӘНУРАНЫ.
6.00 Ризамын.
7.00 Информбюро.
8.00 Т/с «ГАНГА».
10.00 М/с «Лунтик».
11.00 М/с «Аладдин».
12.00 Т/с «ЦВЕТЫ ЗЛА».
13.00 «Келіндер бәйгесі».
14.00 Информбюро.
14.30 «Кел, татуласайық».
17.00 «Экстрасенсы детективы».
18.00 Т/с «ИДЕАЛЬНЫЙ ВРАГ».
19.00 Т/с «ИНКВИЗИТОР».
20.00 Информбюро.
21.05 М/ф «Король Лев-3: Акуна Матата».
22.40 «What's Up?».
23.50 Т/с «ИНТЕРНЫ».
01.40 Алдараспан, Шаншар, Нысана әзілдері.
03.30 Ризамын.
04.00 Әзіл студио.



6.00 «Қыздар арасында».
6.50, 05.15 «Гү-гүлет».
7.30, 15.00 Т/х «ПАРИЖДЕН МЕНІ ІЗДЕП ТАП».
8.00, 03.45 Т/х «ЭЛИФ».
9.00 Т/с «АННА-ДЕТЕКТИВ».
10.00 «Смеяться разрешается».
11.30, 18.30 Т/с «КУБА».
12.30 «Субботний вечер».
14.30, 01.30 «Келесі кім?».
«Ақан сері көшесінен Н. Тілендиев даңғылының жұп сандар жағынан Ш. Бейсекова көшесіне дейін, Ш. Бейсекова көшесінің жұп сандар жағынан Ш. Қосшығұлұлы көшесіне дейін, Ш. Қосшығұлұлы көшесінің жұп сандар жағынан Қараменде би Шақаұлы көшесіне дейін, Қараменде би Шақаұлы көшесінің тақ сандар жағынан Байынқол орамына дейін, Байынқол орамынан Сұлутал орамының жұп сандар жағынан Ж. Сейдалин көшесіне дейін, Ж. Сейдалин көшесінен Садовая көшесімен Ақан сері көшесіне дейін, Ақан сері көшесінен Земляничная көшесіне дейін, Земляничная көшесімен Еңлік-Кебек көшесіне дейін, Еңлік-Кебек көшесінің жұп сандар жағынан Сұлукөл көшесіне дейін, Сұлукөл көшесінің жұп сандар жағынан, Сұлукөл көшесіндегі № 10 үйді, Шұғыла көшесіндегі № 17 үйді қоспағанда, Абайдың 150 жылдығы көшесіне дейін, Абайдың 150 жылдығы көшесінен, Шұғыла көшесіндегі № 18/4, 15, 15/1а үйлерді қоспағанда, Ж. Ақпаев көшесіне дейін, Ж. Ақпаев көшесінің тақ сандар жағынан В. Радлов көшесіне дейін, В.Радлов көшесінің жұп сандар жағынан Ақан сері көшесіне дейін, Ақан сері көшесінің жұп сандар жағынан Н.Тілендиев даңғылына дейін.»;

№ 203 сайлау учаскесінде: «№ 68 орта мектеп» деген сөздер мен сандар «М. Дулатұлы атындағы № 68 мектеп-гимназия» деген сөздермен және сандармен ауыстырылсын;

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қайнар көшесінен Ақмола көшесімен Баршын

көшесіне дейін, Баршын көшесінен, Ұлытау көшесіндегі № 50, 50а, 46, 8/4 үйлерді, Наурыз көшесіндегі № 51, 53 үйлерді қоса алғанда, Наурыз көшесіне дейін, Наурыз көшесінен Құсмұрын көшесіне дейін, Құсмұрын көшесінен Қайнар көшесіне дейін, Қайнар көшесімен Н. Тілендиев даңғылына дейін.»;

№ 204 сайлау учаскесінде:

«№ 68 орта мектеп» деген сөздер мен сандар «М. Дулатұлы атындағы № 68 мектеп-гимназия» деген сөздермен және сандармен ауыстырылсын;

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

«Н. Тілендиев даңғылынан Көктал көшесімен Ұлытау көшесіне дейін, Ұлытау көшесімен Наурыз көшесіне дейін, Наурыз көшесімен Құсмұрын көшесіне дейін, Құсмұрын көшесімен Қайнар көшесіне дейін, Қайнар көшесінен Ақмола көшесінің жұп сандар жағынан Ұлытау көшесіне дейін, Ұлытау көшесінің жұп сандар жағынан Н. Тілендиев даңғылына дейін, Н. Тілендиев даңғылының жұп сандар жағынан Көктал көшесіне дейін.»;

№ 232 сайлау учаскесінде: «Астана қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Астана қаласының Дерматология және жыныс қатынасы ауруларын алдын-ала емдеу орталығы» МКК» деген сөздер «№ 3 көпбейінді қалалық аурухана» деген сөздермен және санмен ауыстырылсын;

№ 233 сайлау учаскесінде: «Астана қаласы әкімдігінің ШЖҚ «№ 3 перинаталдық орталық» МКК» деген сөздер мен сан

«№ 3 көпбейінді қалалық аурухана» деген сөздермен және санмен ауыстырылсын;

№ 235 сайлау учаскесінде: «Астана қаласы әкімдігінің «Қарттар мен мүгедектерге арналған әлеуметтік-медициналық мекемесі» КММ» деген сөздер «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» деген сөздермен ауыстырылсын;

№ 237 сайлау учаскесінде: «Көз аурулары Қазақ ғылыми зерттеу институты» АҚ Астана қаласындағы филиалы» деген сөздер «Нұр-Сұлтан қаласындағы «Құрмет белгісі» орденді «Қазақ көз аурулары ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-ның филиалы» деген сөздермен ауыстырылсын;

№ 322 сайлау учаскесінде: шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

«Есіл өзенінің жағалауынан Ш. Бейсекова көшесінің тақ сандар жағынан Ш. Қосшығұлұлы көшесіне дейін, Ш. Қосшығұлұлы көшесінің тақ сандар жағынан Шақаұлы көшесіне дейін, Қараменде би Шақаұлы көшесінің тақ сандар жағынан Байынқол орамына дейін, Байынқол орамынан Сұлутал орамының жұп сандар жағынан Ж. Сейдалин көшесіне дейін, Ж. Сейдалин көшесінен Садовая көшесімен Ақан сері көшесіне дейін, Ақан сері көшесінен Земляничная көшесіне дейін, Земляничная көшесінің жұп сандар жағынан Есіл өзенінің жағалауына дейін, Есіл өзені жағалауы бойымен Ш. Бейсекова көшесіне дейін.»;

мынадай мазмұндағы № 348, 349, 350, 351, 352, 353, 354 сайлау учаскелерімен толықтырылсын:

«№ 348 сайлау учаскесі (орталығы – № 5 Отбасылық денсаулық орталығы, Қима көшесі, № 4)

Баршын көшесінен Ақмола көшесінің тақ сан-

## НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 09.06.2020 №510-1064

### Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 9 шілдедегі № 510-968 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы № 1064

9.	21-320-135-1830	Жақсылықова Фатима	2,2748	2,2748	Нұр-Сұлтан, «Есіл», № Е113, Е546 көшелерінің қиылысы ауданы (жобалық атауы)	Қоғамдық мақсаттағы объектілерді салу және пайдалану	Жеке меншік
----	-----------------	--------------------	--------	--------	---	--	-------------

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық даму істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н.Ж.Нұркеновке жүктелсін.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А. Көлгінов  
Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н. Нұркенов

дар жағынан Ұлытау көшесіне дейін, Ұлытау көшесінің тақ сандар жағынан Н. Тілендиев даңғылына дейін, Н. Тілендиев көшесінің жұп сандар жағынан Баршын көшесіне дейін.

№ 349 сайлау учаскесі (орталығы – № 4 қалалық емхана, Т. Шевченко көшесі, № 1)

Кенесары көшесінен Сарыарқа даңғылының тақ сандар жағынан Шығанақ көшесіне дейін, Шығанақ көшесінен А. Қосыгин көшесімен, Т. Шевченко көшесіндегі № 10/1, 10/4 үйлерді қоса алғанда, Т. Шевченко көшесіне дейін, Т. Шевченко көшесінің тақ сандар жағынан Кенесары көшесіне дейін, Кенесары көшесінің жұп сандар жағынан Сарыарқа даңғылына дейін.

№ 350 сайлау учаскесі (орталығы – № 60 мектеп-лицей, С. Кубрин көшесі, № 21/1)

Ә. Жангелдин көшесінен Боталы көшесіне дейін, Боталы көшесінен, С. Сейфуллин көшесіндегі № 20/1, 7 үйлерді қоспағанда, С. Кубрин көшесіне дейін, С. Кубрин көшесінен С. Сейфуллин көшесіне дейін, Сарыарқа даңғылымен, С. Сейфуллин көшесіндегі № 11, 30, 30/2 үйлерді, Ә. Жангелдин көшесіндегі № 2 үйді қоса алғанда, Ә. Жангелдин көшесіне дейін.

№ 351 сайлау учаскесі: (орталығы – № 9 «Зерде» мамандандырылған мектебі, Сарыарқа даңғылы, № 20)

Абай даңғылынан К. Күмісбеков көшесінің жұп сандар жағынан, К. Күмісбеков көшесіндегі № 8 үйді, С. Сейфуллин көшесіндегі № 4, 4/1, 4/2 үйлерді, Абай даңғылындағы № 5 үйді қоспағанда, Абай даңғылына дейін, Абай даңғылының тақ сандар жағынан К. Күмісбеков көшесіне дейін.

№ 352 сайлау учаскесі (орталығы – № 72 «Жанарым» балабақшасы, Ш. Қосшығұлұлы көшесі, № 13/3)

Бірінші Алматы көшесінен № 187 көшемен, № 187 көшедегі № 16/3, 14, 4 үйлерді, Ш. Қосшығұлұлы көшесіндегі № 14 үйді қоса алғанда, Ш. Қосшығұлұлы көшесіне дейін, Ш. Қосшығұлұлы көшесінен, Ш. Қосшығұлұлы көшесіндегі № 11, 11/1, 11/2 үйлерді қоса алғанда және «Жібек жолы», «Солтүстік» сауда орталықтарын қоспағанда, Бірінші Алматы көшесіне дейін.

№ 353 сайлау учаскесінде (орталығы – № 52 «Еркетай» балабақшасы, К.Күмісбеков көшесі, № 12/1)

С. Кубрин көшесінен Жамбыл көшесінің жұп сандар жағынан Ш. Қосшығұлұлы көшесіне дейін, Жамбыл көшесінен Ш. Қосшығұлұлы көшесімен М. Әуезов орамына дейін, Ш. Қосшығұлұлы көшесінен М. Әуезов орамының тақ сандар жағынан С. Кубрин көшесіне дейін, С. Кубрин көшесінен К. Күмісбеков көшесіне дейін, К. Күмісбеков көшесінен С. Кубрин көшесіне дейін, С. Кубрин көшесінен Жамбыл көшесіне дейін.

№ 354 сайлау учаскесінде (орталығы – орталық теміржол емханасы, Жеңіс даңғылы, № 81)

Бекетай көшесінен А. Затаевич көшесімен Г.Потанин көшесіне дейін, Г. Потанин көшесінің тақ сандар жағынан, Г. Потанин көшесіндегі № 13, 15 үйлерді қоспағанда, Ә. Молдағұлова көшесіне дейін, Г. Потанин көшесінен Ә. Молдағұлова көшесінің тақ сандар жағынан Бекетай көшесіне дейін, Ә. Молдағұлова көшесінен Бекетай көшесінің жұп сандар ағынан А. Затаевич көшесіне дейін.»

қаулысымен бекітілген Астана қаласының Бас жоспарын іске асыру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 9 шілдедегі № 510-968 қаулысына келесі толықтыру енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыға қосымша 9 реттік нөмірімен, мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бөлімінің басшысы Ж. Шәукентаев

«Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы С. Сарсенғалиев

«Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Н. Ұранхаев



**«УӘКІЛЕТТІ ҰЙЫМДАРҒА ҚОЛМА-ҚОЛ ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫМЕН АЙЫРБАСТАУ ОПЕРАЦИЯЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ЛИЦЕНЗИЯ БЕРУ» МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІН АЛУ**

Ұлттық Банктің аумақтық филиалдарының валюталық реттеу және бақылау мәселелері жөніндегі қызметінің негізгі бағыттарының бірі қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру мәселелері бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін лицензиялау болып табылады.

Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға қойылатын талаптар, оның ішінде айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензия алу қажеттілігі «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабында айқындалған.

Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операциялары арналған лицензияны (оған қосымшаны қоса алғанда) беру немесе лицензияны (оған қосымшаны қоса алғанда) беруден бас тарту уәкілетті ұйым Заңда және «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген барлық құжаттар мен мәліметтерді ұсынған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Жарамды лицензияға қосымшаны беру, лицензияны және (немесе) оған қосымшаны қайта ресімдеу немесе осындай құжаттарды беруден бас тарту уәкілетті ұйым осы Заңда және «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көз-

делген барлық құжаттар мен мәліметтерді ұсынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Мұндай ұйымдарды құру және жұмыс істеу тәртібіне қойылатын жалпы талаптар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының 2019 жылғы 4 сәуірдегі №49 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар) айқындалған.

Сондай-ақ Ұлттық Банктің филиалына лицензия алу үшін өтініш білдіргенге дейін өтініш беруші «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 554-бабында белгіленген сомада лицензиялық алым төлейді, ол бүгінде 40 айлық есептік көрсеткішті – 111120,00 теңгені құрайды.

Электрондық лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру, қайта ресімдеу жөніндегі мемлекеттік қызметтер «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 1) тармақшасының талаптарын сақтай отырып, Қағидаларда белгіленген тәртіппен «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы көрсетіледі.

**Г.СИСИНГАЛИЕВА,**  
**ҚР Ұлттық Банкі (Нұр-Сұлтан қаласы)**  
**Орталық филиалы валюталық операцияларды бақылау бөлімінің бастығы**

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ**

Нұр-Сұлтан қаласы 02.06.2020 №501/66-VI

**«Астана қаласының аумақтық сайлау комиссиясы мүшелерін сайлау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2019 жылғы 15 қаңтардағы №349/43-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 10, 13, 19, 20-баптарын басшылыққа ала отырып, саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстарын зерделей отырып, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Астана қаласының аумақтық сайлау комиссиясы мүшелерін сайлау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2019 жылғы 15 қаңтардағы №349/43-VI шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешімде: шешімнің атауында және бүкіл мәтін бойынша «Астана» деген сөздер «Нұр-Сұлтан» сөздерімен ауыстырылсын; қосымшаның бүкіл мәтінде «Астана» деген сөздер «Нұр-Сұлтан» сөздерімен ауыстырылсын.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы С. Батпенев**  
**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының м. а. М. Шайдаров**

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ**

Нұр-Сұлтан қаласы 02.06.2020 №504/66-VI

**«Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 29 наурыздағы № 374/47-VI шешіміне толықтырулар енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына, «Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиялары туралы Үлгілік ережені бекіту туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 28 қарашадағы № 11-НҚ нормативтік қаулысына толықтыру енгізу туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2020 жылғы 23 сәуірдегі № 4-НҚ нормативтік қаулысына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 29 наурыздағы №374/47-VI шешіміне келесі толықтыру енгізілсін:

көрсетілген мәслихат шешімімен бекітілген «Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің ережесінде:

17-тармақ мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын: «9-1) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды, олар бойынша хаттамалар жасайды және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен әкімшілік жазалар қолданады»;

2. Осы шешім қабылдаған күннен бастап күшіне енеді.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы С. Батпенев**  
**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының м. а. М. Шайдаров**

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ**

Нұр-Сұлтан қаласы 02.06.2020 №505/66-VI

**Нұр-Сұлтан қаласының жоғары оқу орындарында күндізгі оқу ақысын төлеу үшін азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі комиссияның құрамы туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің ұсынысын қарап, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты

**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**  
1. Осы шешімге қосымшаға сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының жоғары оқу орындарында күндізгі оқу ақысын төлеу үшін азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі комиссияның құрамы бекітілсін.

2. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 23 тамыздағы №422/54-VI «Нұр-Сұлтан қаласының жоғары оқу орындарында күндізгі оқу ақысын төлеу үшін азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі комиссияның құрамы туралы» шешімі жойылсын.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы С. Батпенев**

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының м. а. М. Шайдаров**

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 2 маусымдағы № 505/66-VI шешіміне қосымша**

**Нұр-Сұлтан қаласының жоғары оқу орындарында күндізгі оқу ақысын төлеу үшін азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі комиссияның құрамы**

Бектұрова Малика Ерланқызы – Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары, төраға

Нұрғазина Роза Сейітқызы – «Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары

Гарифуллин Бахтияр Салаватұлы – «Нұр-Сұлтан қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары, төрағаның орынбасары

Сәбит Ақмарал Сәбитқызы – «Нұр-Сұлтан қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары

Жанұзақова Құралай Серікқызы – «Нұр-Сұлтан қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Бай-қоңыр» ауданының әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау бөлімінің басшысы, хатшы

Түгелбаева Айжан Әлімқызы – «Нұр-Сұлтан қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары

Иманғазина Римма Асымқызы – «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары

Өмірбаева Рамзия Фаатовна – Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаты

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ**

Нұр-Сұлтан қаласы 02.06.2020 №506/66-VI

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің ұсынысын қарап, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімге қосымшаға сәйкес Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы бекітілсін.

2. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019

жылғы 23 тамыздағы №420/54-VI «Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы туралы» шешімі жойылсын.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы С. Батпенев**

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының м. а. М. Шайдаров**

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 2 маусымдағы № 506/66-VI шешіміне қосымша**

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының құрамы**

Бектұрова Малика Ерланқызы – Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары, төраға

Жүнісов Алмат Асқарұлы – Нұр-Сұлтан қаласы Кәсіпкерлер палатасының директоры (келісім бойынша)

Гарифуллин Бахтияр Салаватұлы – «Нұр-Сұлтан қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары, төрағаның орынбасары

Кабжанов Бақытбек Әділбекұлы – «Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры

Иманғазина Римма Асымқызы – «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары, төрағаның орынбасары

Солодовников Сергей Петрович – Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаты

Нүрекенова Айгүл Әбдурахитқызы – «Нұр-Сұлтан қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» мемлекеттік мекемесі жұмыспен қамтуды үйлестіру бөлімінің басшысы, хатшы

Түгелбаева Айжан Әлімқызы – «Нұр-Сұлтан қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары

Бескемпірова Жанар Елуанқызы – «Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары

Төребекова Жанар Мейрамқызы – Нұр-Сұлтан қаласы Кәсіпкерлер палатасы адами капиталды дамыту бөлімінің бастығы (келісім бойынша)

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ**

Нұр-Сұлтан қаласы 02.06.2020 №507/66-VI

**«Нұр-Сұлтан қаласына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру жөніндегі комиссияның құрамы туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 23 тамыздағы № 421/54 -VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің ұсынысын қарап, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

«Нұр-Сұлтан қаласына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру жөніндегі комиссияның құрамы туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 23 тамыздағы № 421/54-VI шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған шешімге қосымшада: Нұр-Сұлтан қаласына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру жөніндегі комиссияның (бұ-

дан әрі – Комиссия) құрамына:

Бектұрова Малика Ерланқызы – Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары, төраға болып енгізілсін;

Комиссияның құрамынан Б.М. Мәкен шығарылсын.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы С. Батпенев**

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының м. а. М. Шайдаров**

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша эпидемиологиялық жағдайға байланысты, COVID-19 коронавирусы таралуына жол бермеу барысында, 2020 жылғы 16-18 маусымда сағат 15:00-ге Нұр-Сұлтан қаласы, Әзірбайжан Мәмбетов көшесі, 22 «Астана бас жоспары» ҒЗЖИ» ЖШС ғимаратында жоспарланған өндірістік-азаматтық мақсаттағы объектілерді жобалау мен салу үшін жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі аукцион өтпейді.

Аукцион сұрақтары бойынша қосымша ақпарат +7 (7172) 55-72-53 телефоны бойынша ұсынылады.



## ҰЛТТЫҚ БАНКТИҢ ОРТАЛЫҚ ФИЛИАЛЫ (Нұр-Сұлтан қаласы)

### НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНДАҒЫ АХУАЛ ТУРАЛЫ

#### 1. Инфляция

Нұр-Сұлтан қаласы Статистика департаментінің ресми деректері бойынша 2020 жылдың мамыр айын өткен аймен салыстырғанда құнсыздану деңгейі 0,5% (2019 жылғы желтоқсан айына – 4,9%) құрады. Азық-түлік тауарлар бағалары – 0,9%, ақилы қызметтер көрсетудің бағасы және азық-түлік емес тауарлар 0,4% қымбаттады.

#### 2. Валюта нарығы

2020 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша қаланың қолма-қол шетел валютасының нарығында 213 айыр-бастау пункттері бар, оның ішінде 161 банктердің, ҚР Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айыр-бастау операцияларын жүргізуге лицензиясы бар 39 уәкілетті ұйымдардың, 13 «Қазпошта» АҚ-ның айыр-бастау пункттері жұмыс істейді.

Теңгенің шетел валютасына шаққандағы орташа сатып алу/сату бағамы 2020 жылы сәуір айында: АҚШ доллары – 434,69/439,28 теңгені; еуро – 474,85/479,06 теңгені; ресей рублі 5,67/5,88 теңгені құрады.

#### 3. Депозит нарығы

Резиденттердің екінші деңгейдегі банктердегі депозиттерінің көлемі 2020 жылғы 1 мамырда өткен аймен салыстырғанда 3,5%-ға өсті, 2630 млрд теңгені құрады. Заңды тұлғалардың салымдары 9,9%-ға, 1598,2 млрд теңгеге дейін өсті, жеке тұлғалардың салымдары 4,9%-ға, 1031,8 млрд теңгеге дейін азайды.

Ұлттық валютадағы депозиттер көлемі 4,9%-ға көбейді, 1342,5 млрд теңгені құрады, шетел валютасында 2,2%-ға, 1287,5 млрд теңгеге дейін көбейді. Ұлттық валютадағы депозиттердің үлес салмағы 50,4%-дан 51%-ға дейін өсті.

Заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы депозиттер көлемі 8,6%-ға өсті, 843,1 млрд теңгені құрады, шетелдік валютадағы 11,3%-ға, 755,1 млрд теңгеге дейін көбейді (заңды тұлғалар депозиттерінің жалпы көлемінің 47,2%).

Жеке тұлғалардың ұлттық валютадағы депозиттері 0,8%-ға, 499,4 млрд теңгеге дейін, ал шетелдік валютада 8,5%-ға, 532,4 млрд теңгеге дейін төмендеді (жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы көлемінің 51,6%).

Ұлттық валютадағы мерзімді депозиттердің орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі банктік емес заңды тұлғалар бойынша 7,3%, жеке тұлғалардың депозиттері бойынша 10% құрады.

#### 4. Кредит нарығы

2020 жылдың 1 мамыр күніне банктердің Нұр-Сұлтан қаласының экономикасын кредиттеу көлемі 1801,3 млрд теңгені құрады, өткен аймен салыстырғанда 1,8%-ға азайды. Заңды тұлғаларға берілген кредит көлемі 2,8%-ға төмендеді, 787,5 млрд теңгені құрады, жеке тұлғаларға берілген кредит көлемі 1%-ға, 1013,8 млрд теңгеге дейін азайды.

Ұлттық валютада берілген кредит көлемі 1,1%-ға, 1485,9 млрд теңгеге дейін төмендеді. Олардың құрамында заңды тұлғаларға берілген кредиттер 1,2%-ға, жеке тұлғаларға берілген кредиттер 1%-ға азайды. Шетелдік валютада берілген несиелер көлемі 5,1%-ға, 315,4 млрд теңгеге дейін төмендеді, соның ішінде заңды тұлғаларға 5,1%-ға, жеке тұлғаларға 7% азайды. Теңгемен берілген кредиттің үлес салмағы бір айда 81,9%-дан 82,5%-ға дейін көбейді.

Ұзақ мерзімді кредиттер көлемі 1,2%-ға, 1698,7 млрд теңгеге дейін, қысқа мерзімді несиелер 11%-ға, 102,6 млрд теңгеге дейін азайды.

Шағын кәсіпкерлікті кредиттеу 1,4%-ға, 276,7 млрд теңгеге дейін төмендеді (экономикадағы кредиттердің жалпы көлемінің 15,4%).

Сала бойынша экономикадағы банктердің кредит сомасының көбі өндіріске (жалпы көлемнің – 8,5%), саудаға (8%), құрылысқа (7,8%), көлікке (2,2%) берілген.

2020 жылғы сәуір айында банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютада берілген кредиттер бойынша сыйақының орташа мөлшерлемесі 11,7%-ды, жеке тұлғаларға 14,5%-ды құрады.

## АСЫЛ АЗАМАТ, ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ ЕДІ...



2020 жылдың 10 маусымында Ұлы Отан соғысының ардагері, ардақты азамат Бекмәді Ахат Бекмәдіұлы 97 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

Ахат Бекмәді 1942 жылы 19 жасында әскерге шақырылып, соғысқа аттанады. Сталинград шайқасында майдандас жауынгерлермен бірге жауға тойтарыс бере отырып, фашистерді кейін шегіндіреді. Ахат Бекмәді – Мәскеу қаласын

қорғауға, Курск-Орел доғасы шайқасында да жан аямай соғысқан жауынгер. Шабуылда жүріп ол екі мәрте жарақат алады. Дегенмен сағы сынбайды, бойындағы ерік-жігерінің арқасында Отанын қорғау үшін емделіп шыққаннан кейін қан майданға қайта барады.

Елге келісімен ол соғыстан зардап шеккен халқымыздың еңсесін көтеремін деп ауылдастарымен бірге туған жеріне оралып, еселі еңбек етті. Астрахан ауданы Колутон стансасындағы мектепте физика және математика пәндерінен дәріс берді. Соңынан ондаған жыл Есіл қаласында орта мектептің директоры болып еңбек етті.

Ахат Бекмәді – өмір және еңбек жолдарында жастар тәрбиесіне қомақты үлес қосқан азамат. Бүгінгі таңда көптеген шәкірттері мемлекет және қоғам қайраткері болып Қазақстанның өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосып жүр.

Ұлы Отан соғысының ардагері Ахат Бекмәді – Мәскеуде өткен Ұлы Жеңістің

70 жылдығына арналған салтанатты парадқа қатысқан соғыс ардагері.

Жасы келсе де, ол қоғамдық жұмыстарға белсенді араласты. Ұлы Отан соғысы жайлы, майдандас достарының ерлігі туралы, сол кездегі елдің қиын тұрмысы жайында ол талай рет елорда жастарымен кездесіп, болашақ ұрпаққа патриоттық рух беретін әңгіме айтып, өнегелі істер атқарды.

Бекмәді Ахат 1-інші және 2-нші дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордендерімен, «Германияны жеңгені үшін», «Курск және Орел доғасы шайқасына қатысқаны үшін» және бірнеше мерейтойлық медальдарымен марапатталған.

Ұлы Отан соғысының ардагері Бекмәді Ахат Бекмәдіұлының қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Нұр-Сұлтан қаласының Ардагерлер кеңесі

## ТЕКТИНІҢ ТҰЯҒЫ ЕДІ...

Қылышынан қан тамған кеңестік дәуірде Қазақстанның бас қазы болған, көрнекті дін қайраткері Садуақас қажы Ғылыминың қызы, жақсының көзі, аяулы Үкіжан әжемиз 97 жасында дүниеден озды.

Садуақас ағамыз – Ерейментау өңірінде туып, жасынан діни білім алып, кер заманда түрлі құғын көрсе де, халыққа асыл дініміздің имандылық жолын нұсқап, «Құран туралы жала мен өтіріктерге қарсы» атты кітап пен 110 мыңға жуық сөзден құралған «Арабша-қазақша» түсіндірме сөздігін құрап, ел аузынан жиған-терген құнды деректерді қамтыған көлемді еңбек жазды. Бүгінде елордада діндар ағамыздың атында мешіт бар. Осындай текті тұлғаның тұяғы сегіз жасынан намазға жығылып, имандылық жолынан тайған емес. Өмірден өткенше өкесінің есімін ардақ тұтып, соның

қалдырған мұрасына жанашыр болып, бірқатар еңбектерін жарыққа шығаруға мұрындық болды. Әжемиз де тіршілікте жасынан құғын, аштық, соғысты көрсе де, барлығын шүкіршілікпен көтере білді.

Осыдан үш жыл бұрын «Астана ақшамында» Үкіжан әже туралы «Асылдың сынығы» деген мақала жазып, сонда ол кісімен жақынырақ таныстым. Әңгіме барысында әкесі туралы, өзінің өмір жолы жайында тебіреніп сөйледі. Сонда ол кісінің жасы 94-ге болса да, сол оқиғалар кеше ғана өткендей жадында сақталып қалған. Кейін әжемиз жазған дүниеге риза болып, ұялы телефонмен жиі хабарласып тұрды. Соңғы рет биыл жаңа жылда өзі қоңырау шалып, мерекемен құттықтап, «Менің жасыма кел!» деп батасын берді.

Міне, сондай мейірімді Үкіжан әжемиз де «келместің кемесіне» мініпті. Асыл адамның жақын-туған-



дарына «Астана ақшамы» редакциясы атынан көңіл айтамыз. Жаныңыз жәннатта болсын!

## ӘДЕПТІ ЖАСТАР – ҚОҒАМ КӨРКІ

Әдептілік – адам бойындағы жағымды қасиет. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында әдептілікке ерекше мән берілген. «Әдепті адам – арлы адам, әдепсіз адам – сорлы адам» деп тәлім-тәрбиенің алтын діңгегі, қайнар бастауы әдептілікте өкесінің ата-бабаларымыз айтып кеткен.

«Жасында көргені жоқтың өскенде айтары жоқ» дейді қазақ атам. Сол үшін баласының тілі шығар-шықпастан әдептіліктің жол басы – сәлемдесуді үйреткен. Кішкентай бүлдіршіндерге «атаңа, әжеңе сәлем бер», «ағаңа қол бер» деген секілді сөздерді үнемі құлағына құйып, ізеттілікке ерте бастан баулыған. Кез келген ересек адам бала сәлемінің оңды бағыт алып, мінезіне сіңіп, саналы түрде дағдысына айналуына мұқият қарап үлгі көрсетеді, яғни тілі сөз құрауға зорға келетін кішкентай баланың былдырлаған сәлеміне жауап қайырып, сәлемін алады. «Бәрекелді, сәлем беруге жарап ержетіпті ғой!», «міне, азамат, нағыз атасының баласы!» деп қолпаштап көтермелейді. Тұлға болып қалыптасу үшін оған ортаның да әсер ететін сөзсіз, алайда қоғамда өзін-өзі ұстай білу тек қана адамның жеке табиғатына байланысты деп ойлаймын. Абай ағамыздың келесідей өлең жолдары есіме түседі:

«Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,  
Әуре етеді ішінен қулық сақтап.  
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,  
Еңбегің мен ақылдың екі жақтаң».

Ата-ананың тілегі – баласының жақсы адам болып, маман ретінде қалыптасып, өзінің мамандығына сай қызмет ететін, елін, жерін сүйетін азамат болуы. Сенің отансүйіштігің, оқу мен еңбектегі табыстарың – ата-ана үшін шексіз бақыт. Алайда күнделікті өмірде, көшеде, автобуста немесе оқу орындарының қасынан өтіп бара жатқан кезде біздің жастардың бойынан мүлде басқа тәрбиені, жат қылықтарды көріп, байқауға болады. Әрине, көпке топырақ шашуға болмайды, дейтұрғанмен де ауыздарына келген сөздерін айтып, үлкенді үлкен, кішіні кіші деп сыйламайтын жастарды көргенде тоқтатып, ескерту жасау – біздің парызымыз, бірақ та соны ескермей, керісінше, өзіңе бас салып, «мен өзім білем, не істесем де менің құқығым» деген сөздерді естуге болады. «Бала тәрбиесі бесіктен, отбасынан басталады» деп жатамыз, әрине, бәрі дұрыс,

дегенмен кейде балаларымыздың қатыгез, менменшіл болуына ата-ана ретінде біздің де кінәміз бар. Баланың бетін қақпай өсірсе, әрине, бала дайынға үйренеді, кез келген мәселені жан қинамай, артық еңбек етпей, жеңіл шешу жолын ойлайды. Сондықтан да оқу орындарында тәртіп мәселесін күшейту керек. Бала кешігіп келді ме, оны сабаққа жібермеу керек. Ол бір кешігеді, екі кешігеді, содан ол кешікпеудің амалын ойлап, ерте тұруға дағдыланады. Әрине, бұл үшін алдын ала дайындық жұмыстары жүргізілу керек, кураторлық сағаттар өткізіліп, онда сабаққа кешікпеу, тәртіп, жүріп-тұру ережесі, киім үлгісі, т. б. сұрақтар қарастырылып, жастардың бойына сіңірту қажет. Содан кейін барып оны іске асыру керек деп ойлаймын. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті тәрбиелеу деген ұғым жоғары оқу орындарында, қазіргі заман талабына сай басқа форматқа өзгеру керек деген ұстанымның негізінде университет жастарды азаматтық және әлеуметтік, мәдени бағытқа көңіл бөліп, қарқынды жұмыс жасауда. Сонымен қатар университетте жастарға өзін-өзі дамытуға көп көңіл бөліп, мүмкіншілік тудыруда. Осылардың негізінде жастардың жемқорлыққа деген көзқарасы өзгеріп, мәдениеті қалыптасты, оған университетімізде жұмыс жасап жатқан «Әдеп» жобалық кеңсесі себепші болып отыр. «Әдеп» жобалық кеңсесі аясында жастар «Әділет» сыбайлас жемқорлыққа қарсы аймақтық НАВ құрылып, жастарды парасаттылыққа, әділеттілікке, әдептілікке шақыратын іс-шаралар ұйымдастырады. Әртүрлі кездесулер, челленджер ұйымдастырған жастар Нұр-Сұлтан қаласы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің «Antikor otaligi» сервистік орталығында тікелей эфирлерге шығып, «Адал көмек» жобаларына қатысып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы өз көзқарастарын білдіруде.

Осы орайда Елбасымыздың жастарға айтқан: «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың мемлекетін нығайтып, көркеюі жолында теріңді төгіп еңбек ет! Жердің де, елдің де иесі екеніңді ұмытпа!» деген сөзі еске түседі.

**Е.НҰҒЫМАНОВ,**  
«Әдеп» жобалық кеңсесінің жетекшісі, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаменті жанындағы ақпараттық үгіт-насихат штабының мүшесі



## ОҚЫРМАН ОТАУЫ ШАҚЫРАДЫ

» Нұр-Сұлтан қаласында «Рухани жаңғыру» білім орталығы жанынан құрылған «Парасат» оқырман клубы Жазушылар одағында ашылды.

Осыған орай, елордалық «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің директоры Ақерке Жұманбаева мен Қазақстан Жазушылар одағының Нұр-Сұлтан қалалық филиалының директоры Дәулеткерей Кәпұлы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойып, аталған екі ұйым өз тараптарынан ұйымдастырылатын мәдени-ағартушылық іс-шараларды бірлесе отырып атқаруға келісті.

«Парасат» оқырман клубының мақсаты классикалық әлем және қазақ әдебиетінің «100 кітап» жобасына енген шығармаларды оқып, талқылау арқылы қала тұрғындарының кітап оқу мәде-

ниетін қалыптастыруды көздейді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасынан кейін қазақ қоғамында жақсы бір серпіліс болды. Кейде ұлттық саясат мәселелерімен кейбір басшыларға барғанда «жоғары жақтан бір құжат жоқ қой» деген әңгіме болатын. Сондықтан «Рухани жаңғыру» бағдарламасын толық оқыған адам адал ниетімен елге пайдалы дүние жасауға болатындығын түсінеді» деді Дәулеткерей Кәпұлы. Сондай-ақ шара барысында Ақерке Жұманбаева, жазушы Төкен Әлжан сөз алып, кітап оқу мәдениеті жайында өз ойларын ортаға салды.



Беттегі суреттер галереядан алынды

Бетті дайындаған Азамат **ЕСЕНЖОЛ**

## ҰЛЫ АҚЫНДЫ ҰЛЫҚТАДЫ

» Абай атамиздың 175 жылдық мерейтойына орай Түрікменстанның астанасы Ашхабад қаласындағы Мақтұмқұлы атындағы Ұлттық музыкалық-драма театрының сахнасында Түрікменстан мемлекеттік симфониялық оркестрінің көркемдік жетекшісі Расул Клычевтың басқаруымен Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің «Абай» операсынан шығармалар орындады.

Оркестрдің сүйемелдеуімен әйгілі түрікмен теноры Нұры Нұрыев «Абай» операсынан «Айттым сәлем, Қаламқас», «Айдар» ариясын шырқаса, опера әншісі, сопрано Лейли Окдинова

«Қарлығаш» әнін әсерлі жеткізе білді.

Кеш барысында сөз алған бас дирижер Р.Клычев екі ел арасындағы ортақ тарихи-мәдени тамырластық туралы айта келіп, қазақтың

ұлы перзенті – Абай атамизға құрмет көрсеткеніне өте қуанышты екенін атап өтті. Өз кезегінде Қазақстанның Түрікменстандағы елшісі Еркебұлан Сапиев осы іс-шараны өткізуге ұйытқы

болған Түрікменстанның мемлекеттік симфониялық оркестрі мен Мәдениет министрлігіне және сахнада өнер көрсеткен айтулы өнерпаздарға шынайы алғысын жеткізді.

## ТЕРМИНОЛОГИЯ ТАЛАПТАРЫН ТҮСІНДІРДІ

» Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитеті мен Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы «Терминологиялық сөздіктер жасаудың отандық және халықаралық тәжірибесі» тақырыбында онлайн-конференция өткізді.

Қазақ тілінің ғылым саласындағы қолданысын нығайтуда сапалы терминологиялық сөздіктердің алатын орны ерекше. Онлайн-конференцияда филология ғылымдарының докторы, профессор Шерубай Құрманбайұлы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік уни-

верситетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Сәбира Исақова терминологиялық сөздік жасаудың отандық және халықаралық тәжірибесіне тоқталды. Шерубай Құрманбайұлы сөзжасамдағы бірізділікке баса назар аударды, егер оқу орынында бір сөздің баламасы

бірнеше нұсқада оқытыла беретін болса, бұларда білім алған түлектер ертең өндіріске келген кезде өзара түсінісе алмайтынын айтты.

Мұндай қордаланған мәселелер терминологиялық сөздіктер маңайында жеткілікті. Сол себепті терминологиялық сөздіктер

жасауға, оларды жасаудың әдістемесін жетілдіруге аса мән берген жөн. Аталған шара терминологиялық сөздіктер жасаудың отандық және халықаралық тәжірибесін талдауға, соның негізінде терминология сөздік жасаудың негізгі талаптарын анықтауға бағытталды.



## ЖЕҢІС ЖАҢҒЫРЫҒЫ

» Елордадағы Ұлттық музей Жеңістің 75 жылдығына арналған «Жеңіс жаңғырығы» атты жобаны іске қосты.

Жобаның мақсаты Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан жауынгерлердің майдан даласында түскен суреттері мен жазған хаттарын жариялауды мұрат тұтқан. Бүгінгі таңда бас мұражайға осы жобаның аясында 11 хат, 69 фотосурет пен 95 құжат келіп түскен.

Соғыс жылдарындағы естеліктің ең бейнелі түрі – сарғайған солдат хаттары. Қанды қырғын-

ның отты кезеңіне шарпылған жауынгердің майданнан жазған хаттары сұм соғыстың ауыр тынысын сездіреді. Сарғайған сағынышқа толы онда соғыс туралы әңгіме мен өлеңдер, жақынының жанына жылылық ұялатқан мөлдір сезімге толы әсерлі сөздер жазылған. Ең бастысы, олардың бойындағы өмірге деген ерен құлшынысты байқайсыз.

Мәселен, қан майданда із-түссіз кеткен Юсуф Хакимовтің құрбысына жазған хатын тебіренбей оқу мүмкін емес. Жауынгер онда: «Мен Отанымның ұлы ретінде жаумен бетпе-бет келе аламын. Бұл соғыс біздің ғана емес, еліміздің тағдырын шешеді. Сондықтан мен ұрыстан қорықпаймын. Мен адал, еңбекқор халықтың баласымын» деп жазыпты.

Бұл жоба жылдың соңына дейін жалғасады. Оған кез келген адам майданда болған өз ата-әжелерінің, туысқандарының хаттары мен фотоларын жібере алады.